

Өзін-өзі бағалау нәтижелері бойынша қорытынды

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

<https://disk.yandex.kz/d/DmOyS3lj5PvKFw>

Бағалау өлшем шарттары

I. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы

- 1) Білім беру ұйымының толық атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны
- 2) Білім беру ұйымының орналасқан жері (заңды мекенжайы және нақты орналасқан жерінің мекенжайы): 021800, Қазақстан, Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Ақмол ауылдық округі, Ақмол ауылы, Бақыт шағын ауданы, 5/1 құрылыс.
- 3) Заңды тұлғаның байланыс деректері (телефон, электрондық пошта, веб-сайт): 8(71651)51655, 8(71651)51656, gkkp2011@yandex.kz, ds0006.celinograd.aqmoedu.kz
- 4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері (басшының Т. А. Ә., лауазымға тағайындау туралы бұйрықтың көшірмесі): Камзенова Анар Куандыковна, 8-7016653707. «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» ММ 2025 ж. 31 желтоқсандағы №137 бұйрығымен меңгеруші міндеттерін атқарушы лауазымға тағайындалды. «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» ММ 2026 ж. 15 сәуірдегі №47 бұйрығымен меңгеруші лауазымға тағайындалды.
- 5) Құқық белгілеуші және құрылтай құжаттары (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу немесе қайта тіркеу туралы анықтаманың/куәліктің және Жарғының көшірмесі қоса беріледі): 2021 жылғы 14 қаңтардағы мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама, Ұйымның Жарғысы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 ж. 05 қаңтардағы №А-1/1 қаулысымен бекітілді.
- 6) рұқсат беру құжаттары (білім беру қызметіне лицензия және оған қосымша және (немесе) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы хабарламаның жіберілгені туралы талон): қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы №KZ14XXX00003246 хабарлама.

Кәсіпорын қызметінің мәні мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін, арнайы оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

Кәсіпорынның міндеттері:

- 1) мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірі мен денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілер үшін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-әрекет жасау;
- 5) тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулық сақтау мәселелері бойынша ата-аналарға консультациялық және әдістемелік көмек көрсету;
- 6) педагогтердің әлеуметтік мәртебесін арттыруды қамтамасыз ету;
- 7) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету.

Кәсіпорынның білім беру жүйесінің басым бағыты инновациялық технологияларды енгізу арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық әлеуетін, олардың зияткерлік саласын дамыту болып табылады.

Кәсіпорынның қызметі Жарғыға, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік ережелеріне, Санитариялық ережелерге, «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорынның білім беру қызметі төмендігілерге сәйкес жүзеге асырылады:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартымен;
- 2) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығына 1 жастан 5 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларымен;
- 3) «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына өзгерістермен мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорындарды жабдықпен және жиһазбен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығымен 07.06.2022 № 265 бекітілген Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Балаларды кәсіпорынға қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 «Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады. Қабылдау жыл бойы бос орындар болған жағдайда

жүргізілуі мүмкін. Кәсіпорын үш жастан бастап бес жасқа дейінгі мектеп жасына дейінгі балаларға арналған топтарды қарастырады.

Кәсіпорында ата-аналардың (заңды өкілдерінің) мүдделерін ескере отырып, ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту қарастырылған.

Топтар бір жастағы немесе әртүрлі жастағы қағидат бойынша жинақталады.

Кәсіпорын топтарының толықтырылуы «Мектепке дейінгі ұйымдар мен балалар үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар «Санитариялық қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Кәсіпорында балаларды тәрбиелеу мен оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүзеге асырылады.

<https://disk.yandex.ru/d/j6GT7FY6q1GJ0w>

II. Кадрлық құрамға талдау.

Білім сапасы көбінесе педагогикалық құрамның сапасымен анықталады. Өзін-өзі бағалау барысында кадрлармен жұмыс бойынша барлық нормативтік құжаттар бар, кадрлық құрам бойынша бұйрықтар уақтылы жасалады, жеке еңбек шарттары жасалады, тәрбиешілер мен педагогтардың және техникалық қызметкерлердің жеке істері, аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары бар екендігі анықталды. Білімі, санаты бойынша педагог қызметкерлердің сапалық құрамы.

Бағалау кезеңінде педагог кадрлардың сандық құрамы:

2025-2026 оқу жылында сапалы құрам 43 педагогті құрады, оның - жоғары педагогикалық білімі бар-31 адам, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар – 9 адам; орта арнайы педагогикалық білімі бар – 12 адам, оның ішінде орта арнайы мектепке дейінгі білімі бар – 9 адам.

Педагогтердің сапалы құрамы

Баранова Ольга Анатольевна- 2025ж. 31 желтоқсанға дейін балабақшаның меңгерушісі. Білімі жоғары, 2011ж. «Тұран - Астана» университетінде «Психология», 2016ж. «Астана университеті» «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту» мамандығы бойынша білім алды. Нұр Сұлтан қ. Ақмола оқу курстік комбинатында 10.02.2022ж. «Қауіпсіздік және еңбекті қорғау», Нұр Сұлтан қ. Өрлеу-ҚР Оқу орталығында 2022ж.08.06 «Білім беру саласында буллингтың алдын алу», Көкшетау қ. Педагогикалық шеберлік орталығында 2022ж.17.10-28.10. аралығында «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары», 11.04.2025ж. "БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ.№222511, 30.04.2025 Ақмола обл. бойынша мемл.басқару академиясы «Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Камзенова Анар Куандыковна- 2026ж.05 қаңтардан бастап балабақшаның меңгерушісі қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2024ж. А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетінде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша, 2011ж. Көкшетау қ. Қазақ технология және бизнес университетінің колледжінде «дизайн», 2016ж. «Көкше» колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2024ж. "Өрлеу" БАҰО «Организация работы с детьми с ООП в условиях ДО" тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Нысанова Парида Батырхановна-әдіскер лауазымы бойынша қызмет атқарады.Білімі жоғары, 1993ж. Жетісай педагогикалық колледжде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту», 2005ж.Халықаралық Қазақ-Араб университетінде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алды.Көкшетау қ. «Өрлеу» БАҰО АҚ 2022ж. «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің ойын құзыреттілігін дамыту», 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету", 19.06.2025 Өрлеу БАҰО "Бастауыш мектептермен сабақтастықты және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін мектепке дейінгі ұйымдар басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту" тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Абдикова Мирамкуль Бекуловна тәрбиеші қызметін атқарады.Білімі жоғары, Аркалыкский педагог. 1990ж. Арқалық педагогикалық училищесінде «Бастауыш мектептегі оқыту» мамандығы бойынша, 2025ж. Ы.Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институтын «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 19.06.2025 Өрлеу БАҰО "Бастауыш мектептермен сабақтастықты және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін м.д.к. басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту" 72сағ, 10.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарынан өтті.

Айкелова Алтынай Макеновна, инновациялық технологиялар бойынша әдіскер қызметін атқарады.Білімі жоғары, 1996ж. Қостанай педагогикалық колледжде «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту», 2006ж. Қостанай әлеуметтік техникалық университетінде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алды. 2022ж.17.10-28.10. аралығында Көкшетау қ. Педагогикалық шеберлік орталығында «Мектепке дейінгі ұйымдағы менеджмент практикасы: балаларды дамыту бағдары», 31.01.2025 ҚР Оқу ағарту Министрлігі Балаларды ерте дамыту институты "М.д. тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру шеңберінде м.д.білім беру педагогі" 72сағ.,11.04.2025ж. "БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ., 30.04.2025 Ақмола обл. бойынша мемл.басқару академиясы «Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру» 16сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Аленова Жазира Кобландиновна, тәрбиеші қызметін атқарады, Білімі жоғары, 2020ж. А.Мырзахметов а. Көкшетау университетін «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 11.11.2021ж.«Өрлеу» БАҰО АҚ«Мектепке дейінгі ұйымның пәндік-кеңістіктік даму ортасын оның сапасын бағалау негізінде жобалау», 20.01-30.01.2022ж.Алматы қ. «Bilinger group» білім беру орталығы «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері»,

23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Амиржанова Риза Сейталақызы, тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2022ж. Астана қ. «Астана Халықаралық университетінің педагогикалық колледжін» «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша аяқтады. 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ., 19.06.2025 Өрлеу БАҰО "Бастауыш мектептермен сабақтастықты және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін м.д.ұ. басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту" 72сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Апсаматова Асия Нурхамитовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2025ж.А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша аяқтады. 21.11.2025ж. Ұстаз педагогтерді үздіксіз кәсіби дамыту орталығы ЖШС "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру" 80сағ., 2026ж. КМЦПК "М.д.ұ инклюзивті білім беру ортасын құру"72сағ.,тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Алдажарова Света Касымовна педагог-ассистент болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2025ж. Ж.Ташенев атындағы университетті «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша аяқтады. 10.09.2025ж.ЕҰУ үздіксіз білім беру институты "М.д.ұ.тәрбиешілерін кәсіптік қайта даярлау" курсы 108сағ., 07.01.2026ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "Инклюзивті білім беру: білім беру процесін ұйымдастырудың нормативтік-құқықтық психологиялық-педагогикалық және технологиялық аспектілері" 80сағ. тақырыбында курстардан өтті.

Анесова Нургуль Аманбаевна дефектолог мұғалім лауазымын атқарады. Білімі жоғары. 2022ж. Академик А.Қуатбеков атындағы халықтар достығы университетін «дефектология» мамандығы бойынша аяқтады. 14.11.2024ж. Инклюзивті және арнайы технологиялар академиясы "Современные подходы и технологии диагностики и консультирования проблем обучения и воспитания детей" 72сағ., 13.03.2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Ахметова Айдана Хасеновна, тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2023ж. Астана қ. "Менеджмент, бизнес және білім колледжі" ЖШС «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Байгабылова Аружан Жаслановна тәрбиеші қызметін атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, М.Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжде «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алды. 29.12.2025ж. ЕҰУ үздіксіз білім беру институты "М.д.ұ.тәрбиешілерін кәсіптік қайта даярлау" курсы 108сағ., 10.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ. тақырыбында

курстардан өтті.

Бекмаганбетова Гулден Сериковна тәрбиеші қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2023ж. Ж.Ташенев атындағы университетті «Бастауыш оқытудың педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алды. 2023ж. Білім беруді дамыту халықаралық академиясы «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша қайта даярлық курсы 432сағ., 2023ж.11.09-21.09. Өрлеу БАҰО "М.д. білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту"72сағ., 10.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ.тақырыбында курстардан өтті.

Берикболова Гулжан Доскалиевна, логопед қызметін атқарады. Білімі жоғары, Қызылорда қ. «Болашақ» университетінде «дефектология» мамандығы бойынша білім алды.10.07.-21.07.2023ж.БАҚӨО «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында логопед мамандарының кәсіби қызметі», 17.02.-28.02.2025ж.БАҚӨО "Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж" 80сағ. тақырыбында біліктілік арттыру курсынан өтті.

Биртаева Нургуль Баймухановна, музыка жетекшісі қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2005ж. Қостанай мемлекеттік педагогикалық институтында «Аспаптық орындау» мамандығы бойынша білім алды. 11.04.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ., 13.03.2026ж. БАҚӨО «Музыка мұғалімінің кәсіби қызметіндегі «Soft way to Mozart» инновациялық музыкалық-компьютерлік технология» 80сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Булхайдаров Алдияр Амантаевич, жүзу нұсқаушысы қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2016ж. Қазақ -инженерлік педагогикалық университетінде «денешынықтыру және спорт» мамандығы бойынша білім алды.29.05.-09.06.2023ж. ҚР Оқу ағарту министрлігі РМҚК Ұлттық ғылыми практикалық дене тәрбиесі орталығы" "М.д.білім беру педагогтерінің, тәрбиешілері мен дене шынықтыру нұсқаушыларының кәсіби құзыреттілігі мен дағдыларын дамыту", 31.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ.тақырыбында біліктілік курстарынан өтті.

Габидуллина Анара Ануарбековна, дене шынықтыру нұсқаушысы қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2021ж. А.Мырзахметов а.Көкшетау университетінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 03.02.2022ж.Өрлеу БАҰО "М.д. тәрбиелеу мен оқытудың мазмұның жаңарту аясында м.д. ұйымның дене тәрбиесі нұсқаушысының кәсіби құзыреттілігін дамыту", 20.01.-30.01.2022ж.Алматы қ.Bilimger group беру орталығы «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері», 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Джакупбаева Анар Акановна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік 2006ж. Шығыс Қазақстан гуманитарлық колледжде «қазақ тілі мен әдебиет» мамандығы бойынша білім алды. 2024ж. Астана қ.Маман ОӨО "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" қайта даярлық курсы 432сағ., 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-

психологиялық қолдау көрсету"80 сағ., 19.06.2025 Өрлеу БАҰО "Бастауыш мектептермен сабақтастықты және өзара әрекеттесуді қамтамасыз ету үшін м.д.қ. басшылары мен педагогтерін кәсіби дамыту" 72сағ.тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Джунусова Гульнар Хаировна педагог-психолог, логопед қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2009ж.Қаз.-Ресей университетінде «Психология», 2017ж. Е.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде «Дефектология»мамандығы бойынша білім алды.2020ж.Алматы қ.Түзету педагогикалық Ұлттық ғылыми практикалық орталығында "Ерте және мектепке дейінгі жаста тіл бұзушылықтары бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау", 2022ж.Нур Султан қ., Өрлеу -ҚР оқу орталығында «Білім беру саласында буллингтың алдын алу», 2023ж.шілде Қазақстандық өңіраралық орталығы "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында мектеп психологының кәсіби қызметі", 2025ж.28.02. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ балаларға психологиялық педагогикалық қолдау көрсету"80сағ.тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Ермекбаева Данагул Адильбековна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік 2015ж. Көкшетау қ. Ж.Мусин а.педагогикалық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды.2021ж.Өрлеу-Education Республ.оқу орталығы "Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында м.д.әдістемелік жұмысты ұйымдастыру», 10.04.2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Жүнісова Айнұр Бексұлтанқызы тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2019ж. Ы.Алтынсарин а. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтында «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды.07.08.-17.08.2023ж.ҚР Оқу Ағарту Министрлігі Балаларды ерте дамыту институтында «М.д.тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру», 10.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Заит Аяжан Боранбаевна педагог-ассистент болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2019ж. Орталық Қазақстан Академиясын «қазақ тілі мен әдебиет мамандығы бойынша аяқтады. 11.04.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ., 12.09.2025ж."Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды психологиялық педагогикалық сүйемелдеудің мазмұны" практикумы 16 сағ., 2025ж.Астана қ.Заманауи ғылым беру орталығы "М.д.ұ.оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері" 80сағ., 29.01.2026ж. ЖШС "Daryn ustaz" ПКБАО Білім берудегі ЖИ:иновациялық технологиялар мен оқу үдерісінің цифрлық трансформациясы" 80сағ.тақырыбында курстардан өтті.

Калиева Клара Айкеновна музыка жетекшісі қызметін атқарады. Білім жоғары, 1994ж. Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Музыка» мамандығы бойынша білім алды. 14.04.2023 Республ.қосымша білім беру оқу әд.орталығы

"Дәстүрлі ән айту мектептерінің өңірлік ерекшеліктері және оқыту әдістемесі" 80сағ., 20.08.2024 АО НЦПК Өрлеу семинар "ИИ в образовании: перспективы и практика" 8час., 23.08.2024 Международная академия педагогики "ИИ в образовании перспективы и практика", 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Калиева Сымбат Жанболовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2020ж. «Болашақ» Академиясында «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2026ж. "Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті орта құру" 72 сағ, 2026ж. Астана қ. Заманауи ғылым -білім беру орталығы "М.д.ұ.оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың заманауи тәсілдері" 80сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Камал Сәбира Қанатбекқызы тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2023ж. Арқалық мемлекеттік педагогикалық институтта «бастауыш оқыту педагогикасы мен әдістемесі» мамандығы бойынша білім алды. 2024ж. Астана қ. Маман ОӨО "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту" қайта даярлық курсы 432сағ., 08.05.2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Каркабатова Жайдар Шегебаевна педагог ассистент болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2005ж. А.Байтұрсынов Қостанай мемлекеттік университетінде «филология» мамандығы бойынша білім алды. 11.04.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Кенжинова Акмарал Амангельдиевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2019ж. А.Мырзахметов а. Көкшетау университетінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 10.04.2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Кобландынова Сауле Шайсултановна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2024ж. Еуразия гуманитарлық институтында, «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2023ж. Көкшетау қ. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ «М.д.ұ балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу», 13.03.2026ж. "Мектепке дейінгі ұйымда инклюзивті орта құру" 80сағ, тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Кожабекова Турар Умиртаевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2021ж. А.Мырзахметов а. Көкшетау университетінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 07.08.-17.08.2023ж. ҚР Оқу Ағарту Министрлігі Балаларды ерте дамыту институты «М.д.тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыру», 2026ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсынан өтті.

Кульмурзаева Айим Адебовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, 2013ж. Астана қ. Гуманитарлық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2022ж. Көкшетау қ. Өрлеу БАҰО АҚ "М.д.білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту" тақырыбында біліктілік жетілдіру курсынан өтті.

Қалдыбек Карина Рустамовна дене тәрбие нұсқаушысы болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2023ж. Қазақ технология және бизнес университетінің колледжін, «денешынықтыру мұғалімі» мамандығы бойынша аяқтады. 2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсынан өтті.

Құрал Акерке Анарбекқызы тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2024ж. Шымкент қ. Болашақ колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2026ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсынан өтті.

Линкевич Светлана Иосифовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, 1993ж. Қорған обл., Катайск педагогикалық училищесінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2023ж. Көкшетау қ. «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕ АҚ «М.д.ұ балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың алдын алу», 14.01.2026г. КЦППК "Bilimzet" "Инклюзивное образование: нормативно-правовые, психолого-педагогические и технологические аспекты организации образовательного процесса" тақырыбында біліктілік жетілдіру курсынан өтті.

Мейрханова Гулмира Жетбисбаевна логопед қызметін атқарады. Білімі жоғары, 2019ж. Қазақ орталық академиясында «Дефектология» мамандығы бойынша білім алды. 2022ж. ЮНИСЕФ өкілдігі «Инклюзивті аралас оқыту», 2025ж. 17.02. БАҚӨО "Сөйлеу бұзылыстарын кешенді түзетудегі логопедиялық массаж" 80сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Муратбаева Айбазар Асарбаевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, 1995ж. Үшкүдық қ. училищесінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2022ж. Нұр Сұлтан қ. Өрлеу ҚР оқу орталығында «Білім беру саласында буллингтың алдын алу», 2022ж. Алматы қ. «Bilimger group» білім беру орталығында «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері», 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Муратова Жулдуз Ержановна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2025ж. Көкшетау гуманитарлық техникалық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 10.04.2026ж.

БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарынан өтті.

Нажмиденова Акбота Серикбаевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, 2019ж. Б.Ахметов а. Павлодар қ. педагогикалық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды.2022ж. Алматы қ. «Bilimger group» білім беру орталығында «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері», 2022ж. Көкшетау қ. Өрлеу БАҰО "М.д.б.беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту", 11.04.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Насырова Альбина Болатқызы тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік техникалық, 2023ж. «Астана Халықаралық университетінің педагогикалық колледжін»«мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша аяқтады. 2024ж. АО Нац.центр ПК "Өрлеу" Организация работы с детьми с ООП в условиях ДО" 72 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Нурзолданова Перизат Саятовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2025ж. Ж.Ташенев атындағы университетте «бастауыш оқыту әдістемесі және педагогикасы» мамандығы бойынша білім алды. 18.08.-10.09.2025 Астана қ. Еуразия ұлттық университеті «Мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиешілерін кәсіптік қайта даярлау» курсы 108сағ, 10.12.2025ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ.тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Рамазанова Айгуль Ибраевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары 2024ж. А.Мырзахметов атындағы Көкшетау университетін «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» мамандығы бойынша, 2021ж. Астана қ. білім беру басқармасының гуманитарлық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды.2022ж. Көкшетау қ. Өрлеу БАҰО АҚ «М.д.білім беру ұйымдары педагогтерінің ойын құзыреттілігін дамыту», 2022ж. Алматы қ. «Bilimger group» білім беру орталығында «Жаңартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері», 07.01.2026ж. "Bilimzet" біліктілік арттыру орталығы "М.д.білім беру жүйесінде инклюзивті білім беру" 72сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарын өтті.

Смагулова Айнагуль Айтбаевна, қазақ тілі мұғалімі. Білім жоғары, 2013ж. Қарағанды «Болашақ» университетінде «қазақ тілі мен әдебиет» мамандығы бойынша білім алды. 2021ж.ҚР БҒМ Біліктілікті арттырудың Қазақстандық өңіраралық орталығы "Қазақ тілі пәнінің оқу-әдістемелік кешені", 2024ж. Өрлеу БАҰО "М.д.ұ. Қазақ тілі педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін дамыту" 72сағ., 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету"80 сағ. тақырыбында біліктілік

жетілдіру курсы өтті.

Смагулова Гульнара Армановна логопед болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2017ж. Букетов а. Қарағанды мемлекеттік университетінде «Дефектология» мамандығы бойынша білім алды. 2021ж. Коррекц. педагогика мен нейропсихология республикалық орталықта "Заманауи әдіс тәсілдерді пайдалана отырып, мүгедек балаларды оңалту", 2023ж. БЖ халықаралық курстары "Жанартылған мазмұнды іске асыру жағдайында инклюзивті білім беру", тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Судейменова Айшолпан Габитовна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2005ж. Қызылорда мемлекеттік университетінде «кәсіптік еңбек» мамандығы бойынша білім алды. 2014ж. Еуразия гуманитарлық институт колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» тақырыбында қайта даярлық курсы 438сағ., 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Тудеулина Улдана Серикбаевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары, 2023ж. Астана қ. А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2022ж. Алматы қ. «Bilinger group» білім беру орталығында «Жанартылған білім берудің тиімділігі мен ерекшеліктері», 2025ж. "Step by step" қоғамдық қоры «М.д. тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ету» 72сағ., 23.05.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Утебаева Эльвира Тулкибаевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі жоғары 2025ж. Тұран Астана университетінде «психология» мамандығы бойынша, 2021ж. Шымкент қ. «Отырар» колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 2025ж. "Step by step" қоғамдық қоры «М.д. тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын іске асыруда педагогикалық процестің сапасын қамтамасыз ету» 72сағ., 11.04.2025ж. БАҚӨО "Инклюзивті білім беру жүйесінде ЕББҚ бар балаларға педагогикалық-психологиялық қолдау көрсету" 80 сағ., 13.10.2025ж. ЕҰУ үздіксіз білім беру университеті "М.д. тәрбиешілерін кәсіптік қайта даярлау курсы" 108сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курсы өтті.

Шарипова Людмила Григорьевна тәрбиеші болып қызмет атқарады. Білімі орта кәсіптік, 2014ж. Астана гуманитарлық колледжінде «мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша білім алды. 04.11.2025ж. "USTAZ" Педагогтердің үздіксіз кәсіптік дамыту орталығы "Мектепке дейінгі білім беру ұйымдары педагогтерінің кәсіби құзыреттілігін жетілдіру" 80сағ., 17.12.2025ж. «Инклюзивті оқыту» 80сағ. тақырыбында біліктілік жетілдіру курстарынан өтті.

III. Педагогтар туралы мәлімет


2025-2026 оқу жылында сапалы құрам 43 педагогті құрады, оның - жоғары педагогикалық білімі бар-31 адам, оның ішінде мектепке дейінгі жоғары білімі бар – 9 адам; орта арнайы педагогикалық білімі бар – 12 адам, оның ішінде орта арнайы мектепке дейінгі білімі бар – 9 адам.



Балабақшада педагог кадрларды аттестаттау жоспары жасалған. Педагогтердің жеке істеріне санаттар беру бойынша бұйрықтар мен куәліктердің көшірмелері салынған.

2025 -2026 оқу жылына біліктілік санаты бар педагогикалық кадрлардың үлесі:

Педагог зерттеуші- 1, педагог сарапшы-6, педагог модератор-18, педагог стажер-14, санатсыз-3, екінші санат -1



Педагогикалық ұжымның құрамында келесі еңбек өтілі бар:

5 жылға дейін	5 жылдан 10 жылға дейін	10 жылдан 15 жылға дейін	15 жылдан 20 жылға дейін	20 жылдан 25 жылға дейін	25 жылдан 30 жылға дейін	30 жылдан астам
15	5	10	8	2	2	1

Тәрбиешілер өздерінің кәсіби - шеберліктерін өздігінше білім алу, біліктілік жетілдіру курстары, семинарлар мен дөңгелек үстел жұмыстарына қатысу арқылы жетілдіреді.

2025-2026 оқу жылы	336	3	5	5	1	14	12	2
-----------------------	-----	---	---	---	---	----	----	---

2025-2026 оқу жылында «Жұлдыз» балабақшасында 340-бала қабылданды.

Жас топтарын қалыптастыру талапқа сай жүргізілген. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес .

Тәрбиеленушілер контингенті төменде сілтеме бойынша ұсынылған:

2025-2026 оқу жылы

<https://disk.yandex.kz/d/gRmiIa0EIPOfMA>

Қорытынды:

Тәрбиеленушілерді қабылдау және шығару туралы бұйрықтар қарастырылып, талдау жасалды. Мектепалды топ дайындық деңгейін ата-аналардың балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқытуды сауалнама нәтижелерінде қанағаттанатынын көрсетіп отыр. Бағаланған кезеңдегі мектепалды топ оқу жылы кезеңінде мектепалды топ шығарылған немесе қайта мектепалды топқа қайталап оқытылған балалар жоқ. Жас топтарын қалыптастыру талапқа сай жүргізілген. Жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау әдістемелік ұсынымдардың 3-қосымшасына сәйкес

IV. Оқу – әдістемелік жұмыс

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

✓ Оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен; Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асыру.

Талдау нәтижелері

2025-2026 оқу жылында оқу жұмыс жоспары «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (бұдан әрі – Стандарт) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына; Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары негізінде құрылған, «Целиноград ауданының білім бөлімі» ММ басшысы С.А. Искаковпен келісіліп, балабақша меңгерушісі О.Барановамен бекітілген.

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі Ақмол ауылының» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Жұлдыз» балабақшасы толық күндік жұмыс кестесімен жұмыс жасайды.

2025-2026 оқу жылдарында Стандарт талаптарына сәйкес әзірленген Үлгілік оқу жоспарларында балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес кіріктірілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер берілді.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. «Дене тәрбие, жүзу» ұйымдастырылған іс-әрекеті аптасына үш рет дене тәрбие нұсқаушысымен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді, ол қимыл белсенділігі, дене шынықтыру-сауықтыру шаралары (таңертеңгі жаттығу, сергіту сәті, шынықтыру шаралары), мәдени-гигиеналық дағдылар, ойын әрекеті, дербес белсенді және т.б. әрекеттер арқылы күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылған.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Тіл дамыту және көркем әдебиет, қазақ тілі ортаңғы және ересек топтарында күн сайын, мектепке дейінгі ұйым кестесіне сәйкес мектепалды топтарында 2 рет ұйымдастырылған іс-әрекеті қарым-қатынас, заттық әрекет, ойын әрекеті, еңбек әрекеті, бейнелеу, шығармашылық әрекет (балаларға кітап оқып беру, кітаптарды, иллюстрацияларды қарау) театрландырылған, дербес және басқа да әрекет түрлері арқылы күн сайын күн тәртібіне сәйкес ұйымдастырылған. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін мектепалды жастағы тобында Сауат ашу негіздері аптасына үш рет өткізіледі.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік

әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырылған. Мектеп жасына дейінгі балалар үшін математика негіздерін күн сайын дидактикалық ойындар, танымдық әңгімелер, бейнелеу және құрастыру әрекеті, эксперимент жасау, математикалық мазмұндағы театрландырылған әрекет, әңгіме, дербес және басқа да әрекеттер арқылы ойын түрінде ұйымдастыруға болады. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін кестеге сәйкес мектепалды даярлық тобында Математика негіздері аптасына үш рет өткізіледі.

Қоршаған әлеммен танысу күн сайын объектілер мен заттарды бақылау (тірі және өлі табиғат) зерттеу, материалдармен эксперимент жасау, педагогтің сәйкес ақпаратты оқып беруі, кітаптарды және иллюстрацияларды қарау, әңгімелесу, қарым-қатынас, ойын әрекеті арқылы іске асырылады. Қоршаған ортамен танысу баланың «Мен» бейнесінің пайда болуына барынша ықпал етеді. Сол себепті отбасы, түрлі мамандықтар, ересектердің еңбегі, туған жер, Отан, отан қорғаушылар туралы және т.б. түсініктер мен дағдыларын, патриоттық сезімін қалыптастыру үшін балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтары, отбасылық құндылықтар арқылы тәрбиелеуге басымдық беру көзделген.

Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін кестеге сәйкес мектепалды жастағы тобында Қоршаған әлеммен танысу аптасына екі рет өткізіледі.

Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылады және бірнеше жұмыс түрі қатар жүруі мүмкін немесе көпшілігінің қалауы бойынша барлығы бір жұмыс түрімен айналысуына болады. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін олардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін ашу ұсынылады, ол үшін балаларға жұмыс жасауға дайын үлгі беруді жиі қолданбау, бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өзбетінше жасауға ынталандыру, оларға еркіндік беру, тапсырманы шығармашылықпен орындауға баулу. Балалардың мектепте оқуға дайындығын қамтамасыз ету үшін кестеге сәйкес мектепалды жастағы тобында Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру аптасына бір рет өткізіледі.

«Музыка» ұйымдастырылған іс-әрекеті ортаңғы топтарда аптасына бір рет, ересек және мектепалды жастағы топтарында аптасына екі рет музыка жетекшісімен мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізіледі. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-музыкалық қимылдар, балалар музыка аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

Мектепалды жастағы балалардың ұйымдастырылған іс-әрекеті аптадағы нормативтік жүктемесінің жалпы саны аптасына 20 сағат, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша бір ұйымдастырылған іс-әрекеттің ұзақтығы 20-25 минутты құрайды.

Талдау нәтижелері:

Балабақшада 2025-2026 оқу жылдарына білім беру ұйымының меңгерушісімен бекіткен оқу жұмыс жоспарлары мен ұйымдастырылған іс-әрекетінің кестелері қарастырылды.

2025-2026 оқу жылына арналған ұйымдастырылған кестесі

<https://disk.yandex.kz/d/spzqrpzdFGvShQ>

2.Білім беру қызметін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес жүзеге асыру.

Үлгілік оқу бағдарламасының негізінде перспективалық жоспар, циклограмма құрылған.

Баланың даму динамикасы туралы ақпарат алу үшін диагностика негізінде үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгеру бойынша мониторинг жүргізілген.

Жылдық жұмыс жоспары ұсынылды, жоспарда әдістемелік мәселесі мен мақсаты берілген. Ортаңғы және ересек, мектепалды жас топтарда тәрбиеленушілерінің даму мониторингі, перспективалық жоспары, циклограммасы ұсынылды.

Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене тәрбие (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін дене тәрбие, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап, түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады. Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар: - аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;

- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;

- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;

- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру. Циклограмма 2025-2026 оқу жылына толық ұсынылған.

2025-2026 оқу жылына арналған «Жұлдыз» балабақшасының ортаңғы, ересек және мектепалды жас топтары, педагогтар, үйірме педагогтарының перспективалық жоспары.

<https://disk.yandex.kz/d/RfMDWEGEYyZMNA>

2025-2026 оқу жылына арналған «Жұлдыз» балабақшасының ортаңғы, ересек және мектепалды жас топтары, педагогтар, үйірме педагогтарының циклограммасы.

<https://disk.yandex.kz/d/WVxXFBNov5OvIQ>

Оқыту-тәрбиелеу үдерісі меңгеруші бекіткен күн тәртібіне сәйкес жүргізіледі, ол сергектік және ұйықтау тәртібін, тамақ қабылдауды, гигиеналық және сауықтыру шараларын, білім беру қызметін, серуендеуді және тәрбиеленушілердің өзіндік қызметін тікелей ұйымдастыруды белгілейді. Күн тәртібі әр түрлі жастағы балалардың гигиеналық нормаларына сәйкес келеді. Таза ауада жеткілікті болу қарастырылған, сауықтыру және алдын-алу шаралары жүзеге асырылады, оған әр түрлі сипаттағы іс-шаралар, ақыл-ой және дене жаттығулар кіреді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын кіріктірілген іс-әрекет. Мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы балалардың физикалық белсенділігіне уақыт бөлінеді. Мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады. Балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күні бойы музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттату, импровизация, ырғақты-

музыкалық қимылдар, шулы балалар аспаптарында ойнау және басқа да музыкалық әрекеттерге уақыт бөлінеді.

«Жұлдыз» балабақшасының меңгерушісімен бекітілген:

2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспары 2025ж. 29 тамыз педагогикалық кеңестің №1 шешімімен қабылданды.

<https://disk.yandex.kz/d/NObCmVJcHy5ZDA>

«Жұлдыз» балабақшасында «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру бойынша жұмыс жоспарына сәйкес жұмыстар жүргізілді.

Бағдарламаның мақсаты:

- қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани-адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

- **Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:**
- отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;
- адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;
- табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.
- **Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:**
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
- отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
- Өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
- әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.
- **Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:**
- басқалармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;
- өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;
- еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;
- біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.
- Білім алушының жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:
- ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;
- отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

Бағдарламаны іске асыру тетіктері:

- Білім беру процесінің барлық қатысушыларының өзара іс-қимылын көздейтін біртұтас тәсілдеме
- Білім алушылардың мүдделері мен қажеттіліктерін ескере отырып, вариативтік
- бағдарламаларды әзірлеу
- Педагогтардың балабақша шеңберінде іс-шаралар барысында құндылықтарды қалыптастыру.
- Тәрбие процесіне тәрбиеленушілердің ата-аналарын тарту.

«Жұлдыз» балабақшасында күнделікті атқарылатын іс-шара «Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» - мектеп жасына дейінгі балалармен ұлттық ойындарды өткізілді. Ұйымдастырылған іс-әрекет, дербес іс-әрекет, серуендер, ертеңгіліктер, мерекелер, ойын-сауық кездерінде жүзеге асырады. «Теңге алу», «Айырмашылығын тап», «Банкомат», «Ақшаны жұмсауды үйренеміз», «Әмиян», «Дүкен» ойындары - қаржылық сауаттылық бойынша қарапайым білімдерді заттарды тексеріп қарау, зерделеу, олардың көлемін көзбен өлшеу, көзбен көріп ойлауды, есте сақтауды, қиялды, ұсақ қол моторикасын дамыту дидактикалық, ұлттық, сюжетті-рөлдік ойындар ойнады. «Менің құқықтарым, менің міндеттерім» мектепалды жастағы балалар үшін әңгімелесу жүргізілді. «Біз - экологпыз» танымдық, эксперименталдық іс-әрекет ұйымдастырылды.

«Мен – зерттеушімін» - өнертапқыштыққа алғашқы қадам тақырыбы бойынша күнделікті топ балаларымен тәрбиешілер танымдық, эксперименталдық іс-әрекет жүргізілді. Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес «ханталапай», «қол күрес», «кім жылдам» т.б ұлттық үстел үсті ойындары ойнатылады. «Өнерліміз, өркенбіз» тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарының арасында қол бұйымдарының көрмесіне барлық топ ата-аналары қатысты. «Ізгіліктің бір ізі – алғыс» тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының және педагогтердің қатысуымен челлендж «Еңбектің наны тәтті» ересектердің еңбегімен таныстыру бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасына сәйкес «Наурыз – жыл басы!» Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі туралы білімдерін тереңдету, балаларды елін сүйуге, дәстүрлі мерекелерді құрметтей білуге, бойларына адамгершілік жақсы қасиеттерді сіңіре білуге тәрбиелеу, балалардың өмірге деген көзқарастарын өзгерту, әсемділікке деген сезімдерін ояту, өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсете білуге мүмкіндік жасау.

<https://www.facebook.com/share/v/18eD7AhuNd/?mibextid=wwXlfr>

2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023жылғы 1-шілдедегі №192 бұйрығына сәйкес құрылған озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталықтарының құрамына енгізді. Құзыреттілік орталықтар Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру

жөніндегі іс-қимыл жоспарының 118-тармағын орындауда озық педагогикалық тәжірибені тарату және енгізу үшін мектепке дейінгі ұйымдардың құзыреттілік орталығы құрылды. Білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру, мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. 38-тармақ)

Құзыреттілік орталықтарын құрудың мақсаты: білім беру қызметтерінің жоғары сапасына кешенді көшуді жүзеге асыру, мектепке дейінгі сапалы білімге барлық балалардың тең қолжетімділігін қамтамасыз ету. (Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі. 38-тармақ)

Құзыреттілік орталықтарын құрудың міндеттері:

- Тікелей әкімшіліктен мотивация жүйесін қалыптастыруға, педагогтердің шығармашылық бастамасын дамытуға көшу;
- Баланың дамуына әсер ететін қоршаған ортаның нақты көрсеткіштері негізінде білім беру қызметтерін көрсету сапасын басқару тетігін әзірлеу;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту педагогтерінің кәсіби деңгейін арттыру;
- Сапалы білім беру қызметтерін ұсынуда мектепке дейінгі ұйымдардың әлеуетін дамыту;
- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында көшбасшы-басқарушылар корпусын құру;
- Білім беру сапасының көрсеткіштері төмен мектепке дейінгі ұйымдардағы жағдайларды жақсарту.

Балабақшадағы барлық топтар қыркүйек айынан бастап құзыреттілік орталықтарына бөлініп, пәндік-дамыту ортасын, материалдар мен жабдықтарды және т.б. көрсету жұмыстары жүргізілді.

Балабақшада оқыту мен тәрбиелеудің жаңа моделін іске асыруда ағымдағы жылдағы қажеттіліктері мен қызығушылықтарын ескере отырып жатын бөлмелер, қабылдау бөлмелер, дәліздер, кітапхана, ертегілер әлемінде кабинеті, жолда жүру ережелерін үйрету кабинеті заттық дамытушы орталықтарымен толықтырылды. Сюжетті-рөлдік ойындарды балалардың өз бетінше ұйымдастырып ойнауына мүмкіндік беруге жағдайлар жасап, балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға, тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсыну, балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықтарын дамытып, кейіпкерлердің рөлін сомдауға мүмкіндіктер беріп, топта кітап бұрышын ұйымдастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен кітаптардағы суреттерді қарастыруға, суреттер бойынша сұрақтар қоюға, әңгіме құрастыруға баулып, балалардың өз ойын өздігінен іске асыру үшін кеңістікті жабдықтарын толықтырып жүзеге асырып келеміз. Балалар робототехникада, зертханада, қысқы бақта, дәлізде сурет салу үйірмелері арқылы әр түрлі инновациялық технологиялар қолдана отырып баланың бойындағы қажеттіліктерін ескере отырып, ойынға, жаңа нәрселерді жасауға, зерттеуге, эксперименттер арқылы танымдық белсенділіктерін арттырады. Дамытушы орталарда яғни кабинеттерде, дәлізде сурет салу, ұсақ

қол моторикасын дамыту бойынша ойындар ойнады, дәлізде ұлттық ойындармен толықтырды.

Балалармен жасалған жұмыс барысын талдау:

Тәрбиешілер:

-топ бөлмесінде дербес ойын кезінде балалармен еркін диалог құру және оны қолдау, балаларды көбірек сөйлеуге, бір-бірімен сөйлесуге, оның ішінде даулы жағдайларды шешуге үйретті,

-топты табиғат пен ғылыммен, сондай-ақ балалардың математикалық әрекетімен байланысты материалдармен толықтырып, онымен жұмыстар жүргізді,

-сюжетті-рөлдік ойындарды балалардың өзбетінше ұйымдастырып ойнауына мүмкіндік беруге жағдайлар жасап, балаларға жастарына сәйкес тыңдауға, сахналауға мүмкіндік берді,

-тәрбиелік мәні бар әдеби шығармаларды ұсынып, балалар әдебиетіне, театр әлеміне қызығушылықты дамытуға, кейіпкерлердің рөлін сомдауға мүмкіндіктер берді,

-топта кітап бұрышын ұйымдастыру арқылы балалардың кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, өздігінен кітаптардағы суреттерді қарастыруға, суреттер бойынша сұрақтар қоюға, әңгіме құрастыруға баулыды,

- балаларды көбірек сөйлеуге, бір-бірімен сөйлесуге, балалардың өз ойын өздігінен іске асыру үшін кеңістікті жабдықтарын толықтырып мәселелерді шешу бойынша бағыт берілді.

Тәрбиешілер балаларға мейірімділік пен сүйіспеншілік танытып, қарым-қатынас үшін жайлы жағдайлар жасады, қауіпсіз заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырып, оны тиімді қолдануға тырысты. Балалармен бірге әрекет ету кезінде мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту әдістемесін меңгеріп әдіс-тәсілдерді пайдаланды. Күнделікті ұйымдастырылған іс-әрекетінде, ойында өздерінің жасаған бұйымдарын қолдана білді. Өз тәжірибелерін талдау жүргізе отырып, циклограмманы толықтырып отырды.

Балалардың дамуында жетістіктерге қол жеткізе отырып, тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін табысты жүзеге асырулары байқалды.

<https://disk.yandex.kz/d/F6tQbtQnvwRdIQ>

Табиғи және жасанды жарықтандыру нормаға сәйкес келеді. Барлық топтарда кварц шамдары бар, кварцтау күніне 2 рет өтеді. Медицина қызметкерлері санитарлық эпидемиологиялық тәртіптің, карантиндік іс-шаралардың орындалуын бақылайды, жарықтандыруға, ауа тәртібіне тұрақты бақылау жүргізеді. Толық тазалау кестесінің орындалуы, ыдыс жууға, кір мен арнайы киім жууға арналған жуғыш заттардың болуы нақты бақыланады. Жылдың кез келген уақытында желдету тәртібі, ауыз су тәртібі сақталады, алдын алу іс-шаралар жүргізіледі. Дәрігерлермен балаларды жоспарлы вакцинациялауы және тексеруі жүргізіледі. Балаларды сауықтыру бойынша жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізіледі. Білім беру салаларының интеграциясына, балалар іс-әрекетінің алуан түріне және оқу процесін жан-жақты тақырыптық жоспарлауға сәйкес, балабақшадағы жұмыс балалармен жұмыс жасаудың жасына сәйкес формаларға негізделген, олардың негізгісі ойын - балалар іс-әрекетінің жетекші

түрі. Ойын іс-әрекетінде балалардың жан-жақты дамуына көп көңіл бөлінді: ойын міндеттері мен мәселелік жағдайларды шеше білу, құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасау, зерттеу дағдыларын өз бетінше көрсету. Бағалау кезеңінде педагогтер балаларды әлеуметтендірудің кешенді процесін жүзеге асыру арқылы баланың әлеуетін, шығармашылық және коммуникативтік қабілеттерін ашу бойынша жоспарлы түрде жұмыс істеді. **Мектеппен сабақтастық:** Баланы оқыту барысында, баланың ой танымын қалыптастырып, жеке тұлға ретінде дамуына педагог тұрғысынан қолдау көрсету аса қажет. Балалардың балабақшадан, мектепке өтуі тәрбиеші мен мұғалімнің бірлескен жұмысы болып табылады. Біздің балабақша «Ақмол ауылының мектеп-гимназиясы» КММ-нің, «Ақмол жалпы орта білім беретін мектебімен» бірлесіп жұмыс жасап келеді. Осы уақыт аралығында мектеп ұжымымен іскерлік, әріптестік қарым-қатынас орнады.

Оқу жылының басында Ақмол ауылының мектеп-гимназиясы, Ақмол жалпы білім беретін мектебімен бірлескен жұмыс жоспары құрылды. Психолог мектепалды топтарының балаларымен олардың ақыл-ой дамуының, психологиялық дайындығын анықтау мақсатында түрлі тренингтер мен жаттығулар өткізді.

Балабақша мен мектептердің бірігіп жасаған жұмыстары балалардың бір сатыдан екінші сатыға көтерілуі үшін және де, балалардың жаңа ортаға жеңіл бейімделуі үшін қажет. Ақмол ауылының мектеп-гимназиясы, Ақмол ауылының жалпы білім беретін орта мектебімен сабақтастық пен өзара қатысудың бірлескен жоспарына қол қояды, оның аясында мұғалімдер мектепалды топтарында ұйымдастырылған іс-әрекетке келеді. «Колобок», «Қарлығаш», «Балбөбек», «Айгөлек», «Балдырған» топ тәрбиеленушілері Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бірінші сынып оқушыларымен яғни мектепке дейінгі білім беру мекемесінің бұрынғы тәрбиеленушілермен кездесу болып өтті.

Мектеп жасына дейінгі балаларға мектеп пен балабақшаның айырмашылығын олардың ұқсастығы мен өзара байланысын көрсету болып табылады. Мұғалімдер балаларды партаға отырғызып оқу құралдарымен таныстырып ойындар ойнатты. Балалар жақсы әсер алып, көңіл күйлері көтеріңкі болды. Мектепалды топтары Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойыншы білім бөлімі Ақмол ауылының мектеп-гимназиясына саяхаттап барды. Кезекті саяхат бүлдіршіндердің мектепке деген қызығушылығын арттыру мақсатында өткізілді. Кішкентай саяхатшыларды мектеп директорының орынбасары Касенова Зауре Жақсылыққызы жылы шыраймен қарсы алып, мектеп ішіне экскурсия жүргізді. Мектеп пен балабақша арасындағы сабақтастық жоспарына сай өткізілген саяхат барысында балалар мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, мектеп ішіндегі кітапханаға, бастауыш сыныбына, рәсім залына, дене шынықтыру залына, асханаға да барды. Содан соң олар түрлі түсті танымдық кітаптарды оқып, дене тәрбие залында ойын ойнап, тақтаға өз есімдерін жазды. Балдырғандар тәрбиешілердің әр

тапсырмасын бұлжытпай орындап, тапқырлығымен көзге түсті. Біз осындай өнегелі ортада балаларымыздың жақсы тәрбие алып жатқанына қуанамыз.

Мектеппен сабақтастық жоспарына сәйкес қорытынды іс-әрекеттер өз жалғасын тапты. Мектепалды «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі мен музыка жетекшісі Э.Т.Утебаева, Н.Б.Биртаева "Көктем әуенімен әріптер әлеміне саяхат" тақырыбында, «Балбөбек» тобының тәрбиешісі А.С.Нажмиденова «Ғажайып білім әлемінде» тақырыбында, «Балдырған» А.Н.Апсаматова А.А. Габидуллина «Сиқырлы сандар» тақырыбында, «Айгөлек» тобының А.Х. Ахметова «Сөз маржаны ұлттық қазына» тақырыбында, «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Ж.Е. Муратова «Көктем кереметтері» тақырыбында, «Қарлығаш» тобының тәрбиешісі П.С. Нурзолданова «Ормандағы сандар» тақырыбында, «Колобок» тобының тәрбиешісі А.А.Құрал «Путешествие в мир математики» тақырыбында, «Балдырған» тобының тәрбиешісі Г.С.Бекмаганбетова «Дыбыстар әлеміне саяхат» тақырыбында, «Айгөлек» тәрбиешісі С.К. Камал «Математика - қызықты әлем» тақырыбында, «Колобок» тобымен музыка жетекшісі К. А. Калиева «В мире музыкальных инструментов» қорытынды іс-әрекеттер өткізді. Сонымен қатар жүзу нұсқаушысы Булхайдаров А.А. «Біз мықтымыз» тақырыбында қорытынды іс-шара ұйымдастырды. Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 1 сыныпқа баратын балалар ата-аналарына жиналыс өтті. Жиналысқа мектеп директоры, мұғалімдер, балабақша әдіскерлері, ата-аналар қатысты. Ата-аналарға мектепке қабылдау ережелері мен мемлекеттік қызмет көрсету туралы мәлімет берілді.

«Көңілді эстафета» спорттық ойынның соңында «Балдырған» мектепалды тобымен «Ақмол жалпы орта білім беретін мектебі» КММ нің мектепалды сыныбы 1-ші орынмен марапатталды. Балабақшамыздың дене тәрбие нұсқаушылары А.Габидуллина Ақмол ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» мектепалды топ тәрбиешілері балабақша мен мектептегі дене тәрбиесінің сабақтастығы туралы сұрақтар бойынша, балаларды салауатты өмір салтына бейімдеу туралы кеңес жүргізілді. «Балабақша мен мектептегі дене тәрбиесі сабақтастығын қалай қамтамасыз етуге болады?» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты – балабақша мен мектеп арасындағы дене тәрбиесі сабақтастығын ұйымдастыру жолдарын талқылау, тәжірибе алмасу және бірлескен ұсыныстар әзірлеу болды.

Дөңгелек үстел барысында мектепке дейінгі ұйымдағы дене тәрбиесі мазмұны, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру, ойын технологияларының рөлі, денсаулық сақтау технологиялары туралы баяндамалар тыңдалды. Сонымен қатар бастауыш мектептегі дене шынықтыру пәнінің міндеттері, баланың мектепке бейімделуі, жүктемені жоспарлау және дене дайындығын диагностикалау мәселелері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, бірлескен спорттық мерекелер, эстафеталар, әдістемелік семинарлар және қимыл жаттығуларының карталарын қолдану бойынша өз ұсыныстарын ортаға

салды. Педагог - психолог Г.Х. Джунусова «Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастық – баланың табысты бейімделуінің кепілі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның мақсаты – балабақша мен мектеп педагогтарының өзара тәжірибе алмасуы және баланың мектепке сәтті бейімделу жолдарын талқылау. Дөңгелек үстелге тәрбиешілер, әдіскер, психолог, логопед, дефектолог, бастауыш сынып мұғалімдері және оқу ісі жөніндегі орынбасары қатысты. Іс-шара барысында сабақтастықтың маңызы, мектепке психологиялық дайындық, педагогтар арасындағы байланыс және ата-анамен жұмыс мәселелері қарастырылды. Қатысушылар тәжірибе алмасып, пікір бөлісті. Сонымен қатар сергіту тренингі мен рефлексия жұмыстары ұйымдастырылды. Қорытындысында балабақша мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту, бала бейімделуін бірлесіп бақылау және ата-анамен жүйелі жұмыс жүргізу бойынша ұсыныстар айтылды. «Балабақша, мектеп және мен – біз тату отбасы» тақырыбында мектепалды топ ата-аналарымен дөңгелек үстел өткізілді. Іс-шараның мақсаты – отбасы, балабақша және мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту. Кездесу барысында педагог-психологтар, тәрбиешілер және мамандар бала тәрбиесі, мектепке дайындық, ұлттық тәрбие, логикалық ойындар, музыка және логоритмика бағыттары бойынша жұмыстарын таныстырды. Ата-аналар белсенді қатысып, пікір алмасты. Іс-шара соңында «Бақыт ағашы» рефлексиясы өткізіліп, бала тәрбиесіндегі бірлескен жұмыстың маңыздылығы айтылды.

«Бала біздің-болашағымыз» атты ата-аналар жиналысына бастауыш мұғалімдері қатысып мектепке алғашқы баратын кезде керекті құжаттар, мектептегі бағдарлама, тәртіп туралы т.б. туындаған сұрақтарға жауап береді. Мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету мақсатында «Қош бол, балабақша» мектепалды топ балаларының балабақшамен қоштасу мерекелік іс-шараға бастауыш сынып мұғалімдерін келіп тамашалады.

<https://disk.yandex.kz/d/gSjyTtA9DgpMeQ>

Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

1. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады. Дене тәрбие ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру,

шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

2. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады. Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балалар көркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу, шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

3. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттық мәдениетті құрметтеуді қарастырады.

4. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту. Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды. Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

5. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; өмірдегі жағдайларды шешу, айналадағы адамдарға құрметпен қарау, өз отбасының мүшесі екенін сезіну, эмоционалды елгезектікті, жанашырлықты қалыптастыру; тәрбиеленушінің адамгершілік қасиеттерін көрсетуге

кабілеттілігі мен дайындығын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды, моральдық нормалардың талаптарына жауап беретін іс-әрекеттерге; Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту; еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру, заттар, жанды және жансыз табиғат құбылыстары жөнінде білімдерді кеңейту, креативтік ойлауды дамыту бойынша міндеттерді қамтиды. Мектепке дейінгі жастағы тәрбиеленушілердің отбасында және мектепке дейінгі ұйымдарда өз бетінше оқу дағдылары мен әлеуметтік дағдыларын қалыптастыру өмірді қорғауға және денсаулықты нығайтуға, әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-коммуникативтік біліктері мен дағдыларын: мәдени-гигиеналық біліктері мен дағдыларын, мінез-құлық қағидаларын дамытуға, оларды күн тәртібі мен режиміне тартуға, когнитивтік функцияларды дамытуға, отбасы мен мектепке дейінгі ұйымдарда мейірімділік, көңіл бөлу, қамқорлық және өзара көмек атмосферасын құруға, балалар іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде тәрбие дәстүрлерінің сабақтастығын қамтамасыз етуге, туған өлкеге, өз еліне, тарихына сүйіспеншілігін тәрбиелеуге бағытталған. Осы идеяларды, жүзеге асыру мақсатында балабақшада мемлекеттік рәміздер стенді, киіз үй түрінде орындалған «Ұлы даланың жеті қыры» стенді, этнопедагогика кабинеті бар.

Тәрбие мен оқытудың психологиялық-педагогикалық жағдайларын жасау.

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы» МКҚК балаларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге жұмыстың келесі бағыттары бөлінген: Педагог- психологтың жұмысы келесі мақсаттар мен міндеттерге сәйкес құрылды:

Мақсаты: балалардың психологиялық денсаулығын қорғауға және нығайтуға, олардың білім беру құзыреттерін игеру процесінде жеке білім беру нәтижелеріне қол жеткізуге ықпал ететін психологиялық-педагогикалық жағдайлар жасау.

Міндеттері:

- 1.Мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бейімделу кезеңінде балаларды психологиялық сүйемелдеу.
- 2.Дайындық топтарының балаларын сүйемелдеу, мектепке дайындық, даму динамикасын қадағалау.
- 3.Ата-аналарға, педагогтарға психологиялық көмек көрсету.
- 4.Диагностикалық тексеру арқылы балалардың эмоционалды және танымдық дамуының бұзылуының себептерін анықтау.
- 5.Барлық жастағы мектеп жасына дейінгі балалармен түзету және дамыту жұмыстарын өткізу.

Жалпы мәліметтер:

Біздің балабақшада 14 топ бар, оның ішінде мемлекеттік тілде 12 топ, орыс тілінде 2 топ. Жас ерекшеліктері бойынша: мектепалды дайындық топтары -5, ересек топтар-4, орта топтар-3, аралас топ-1

Балабақшадағы психологиялық қолдаудың негізгі субъектілері:

- балалар;
- тәрбиешілер, педагогтар;
- ата-аналар.

Балабақшадағы тәрбие процесін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша қызмет түрлері:

- диагностика (жеке, топтық);
- дамыту жұмысы (жеке, топтық);
- түзету жұмыстары (жеке, топтық);
- кеңес беру (жеке, топтық);
- алдын алу.

1.Психологиялық диагностика.

1.1 мектепке дейінгі білім беру мекемесіне бейімделу кезеңінде балаларды психологиялық сүйемелдеу.

Балалар мектепке дейінгі мекемеге кірген сәттен бастап педагог-психолог пен топ тәрбиешілері бірге екі ай бойы баланың балабақшаға бейімделуін бақылады. 2025 жылдың шілде-қазан айлары аралағында жаңадан келген балалардың бейімделуіне мониторинг жүргізілді. Күн сайын педагогтар 10,14,16,9 топтарда бақылаулар жүргізді. Педагог-психолог ортаңғы және ересек топтарда бақылаулар жүргізді, алынған мәліметтер талданды және әрбір жаңадан қабылданған орта және ересек жастағы балаға белгіленген бейімделу парақтарына жазылды. Диагностикаға балалардың физиологиялық және психологиялық денсаулығының көрсеткіштері бойынша бақылауларға негізделген.

Балалардың психикалық денсаулығын қадағалау параметрлері:

- эмоционалдық жағдай;
- балалармен, ересектермен әлеуметтік байланыстар;
- танымдық және ойын әрекеті.

Балалардың физиологиялық денсаулығын қадағалау параметрлері

- таңғы ас, түскі ас, бесін ас кезіндегі тәбет;
- ұйықы режимі және ұйқының ұзақтылығы;
- өзін-өзі күту дағдыларын меңгеру.


Екінші кезең балалардың білім беру ұйымының жағдайына бейімделуінің бастапқы кезеңінде туындайтын проблемаларды жоюға бағытталған, психопрофилактикалық және түзету-дамыту жұмыстарын қамтиды.

Бейімделу кезеңінде балалармен түзету жұмыстарының міндеттері болып табылады :

- - бала үшін қауіпсіз және жайлы жағдай жасау;

- баланы ішкі жан дүниесін түсіну және оны сол қалпында қабылдау;
- балаға үлкен еркіндік пен тәуелсіздік беру.

Балалардың бейімделу барысын зерттеу нәтижесінде келесі мәліметтер алынды:



48 бала жеңіл деңгейінде бейімделді. Балалар жеңіл түрінде топқа кірді, ойыншықтармен және де айналасындағы басқа заттармен танысты. Олар тәрбиешілермен қорықпай байланысқа түсті. Олар ойыншықтарды қолдана отырып, өздерін бос ұстай алды. Балалардың көңіл-күйі көңілді немесе баяу болды, пантомимика мәнерлі, эмоциялар оңай танылды. Балалар белгіленген мінез-құлық ережелерін ұстанды, ескертулер мен мақұлдауларға барабар жауап берді, одан кейін олардың мінез-құлқы реттелді. Олар басқа балалардың жанында ойнауды білді, оларға мейірімді болды. Бейімделу кезеңінде ұйқы мен тәбеттің шамалы бұзылуы байқалды.

Орташа бейімделу дәрежесі бар 49 бала және ауыр бейімделуі бар 3 бала. Балалардың көңіл-күйі тұрақсыз: олар жиі жылап, үйлерін сағынады, аналарын іздейді. Алдымен ата-анасынан бөліну кезде көз жасымен бірге жүрді, олар анасын ұзақ уақыт жібере алмады, кеткеннен кейін жылады, Баланың осы тәжірибелерінен әңгімелесу, ойыншықтар, кітаптарды қарау және оқу, режимдік сәттер (таңертеңгі жаттығулар, жуыну, саусақ ойындары, музыка тыңдау, ойынға қатысу) алаңдатуы мүмкін. Балаларда тәбет пен ұйқы бұзылды, сөйлеу және жалпы белсенділік төмендеді. Басқа балалармен байланыс орнатуда қиындықтар болды. 2-3 аптадан кейін олардың мінез-құлқы қалыпқа келді және әл-ауқаты жақсарды.

Қорытынды

Осылайша, көптеген балалар үшін бейімделу процесі жоғары және орта деңгейде өтті деген қорытынды жасауға болады. Бұған білім беру процесінің барлық қатысушыларының бірлескен жұмысы және өткізілген іс-шаралар ықпал етті.

Жыл бойы ата-аналармен жұмыс белсенді жүргізілді. Жаңадан келіп түскен балалардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне): "Алғашқы қадам" атты ата-аналар жиналысы өтті "Баланы балабақшаға бейімдеудің психологиялық ерекшеліктері" "Бала жыламасын десеңіз: бейімделу кезеңіндегі ата-ананың әрекеті"(Қоштасу ритуалы, эмоционалды қолдау) "Ата-ананың күйзеліске түспеуі – баланың сенімділігі""Балабақша – жаңа орта, жаңа тәртіп: қалай үйретеміз?""Балаңыздың мінез-құлқындағы өзгерістер: қалыпты ма?" "Баламен қарым-қатынас: сенім мен тұрақтылық негізі""Бейімделу кезеңіндегі отбасындағы тыныштықтың маңызы" "Баланы балабақшаға дайындаудың 10 қарапайым тәсілі""Маманмен бірлесіп әрекет ету – табысты бейімделудің кепілі""Сабырлы болыңыз – бәрі жақсы болады!"тәрбиешілер мен ата-аналардың өтініштері бойынша . Мектепке дейінгі білім беру мекемесінде оң көзқарас деңгейін арттыру үшін, бейімделу процесін жеңілдету бойынша «Мен ата анамын», Ата-аналар қарым-қатынас құпиялары» тренингтер, және ұсыныстар берілді.

Осылайша, бірлескен, үйлестірілген күш-жігердің арқасында балалардың топтарға бейімделуі сәтті өтті. Топта қолайлы эмоционалды-психологиялық климат сақталады, тәрбиешілер, балалар мен ата-аналар (заңды өкілдер) арасындағы серіктестік қатынастар сақталады.

Мектепалды топ тәрбиеленушілерін диагностикалық тексеру.

2025-2026 оқу жылында мектепалды даярлық топ балаларына оқу жылының басында және сонында «мектепке дайындық» диагностикасы өткізілді.

Диагностикада қолданылған әдістемелер мен авторлары:

1. «Артық затты тап» –
Әдістеме авторы: Н.И. Гуткина, адаптация – Л.А. Венгер, А.Л. Венгер
2. Экспресс диагностика по методике Руденко и Павлова.
3. «Суреттерді есте сақтау» (көру жады) –
Әдістеме авторы: А.Р. Лурия
4. «Сөздерді қайтала» (есту жады) –
Әдістеме авторы: Л.С. Выготский (есту-тілдік есте сақтау диагностикасы)
5. «Себеп-салдар байланысын анықтау» –
Суреттік сериялар әдісі, авторы: О.М. Дьяченко
6. «Сурет бойынша әңгіме құрастыру» –
Әдістеме авторы: Л.С. Выготский, Т.А. Ткаченко (байланыстырып сөйлеуді дамыту әдістері)
7. «Дыбыстық талдау мен буынға бөлу» –
Авторлар: Е.М. Струнина, Н.С. Жукова (фонематикалық қабылдауды зерттеу)
8. «Нүктелерді қос» / «Графикалық диктант» –
Әдістеме авторы: Н.А. Корепанова
9. «Қарапайым математикалық түсініктер» –

Авторлар: Н.Г. Аверина, Н.А. Короткова («Математика мектепке дейінгі жаста» бағдарламасы аясында)

10. «Әлеуметтік-эмоциялық даму» (көңіл күйді тану, «Мен кімін?») –

Әдістеме авторы: Е.О. Смирнова, Д.Б. Эльконин (ойын арқылы диагностика)

Мектепалды даярлық топтарының балаларын диагностикалау нәтижелері бойынша сараптамалық есеп

Топ саны: 5

Балалар саны: 123


I. Мақсаты: Балалардың мектепке дайындығын жан-жақты бағалау, негізгі білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейін анықтау.

II. Диагностика бағыттары:\

1. Танымдық қабілеттер
2. Қабылдау және зейін
3. Есте сақтау
4. Ойлау дағдылары
5. Сөйлеу тілі
6. Қол моторикасы
7. Математикалық түсініктер
8. Әлеуметтік-эмоционалдық даму

III. Қорытынды нәтижелер

Бағыт	Жоғары	Орташа	Жетілдіру қажет
Танымдық қабілеттер	65%	31%	4%
Қабылдау және зейін	44%	54%	2%
Есте сақтау	35%	56%	9%
Ойлау дағдылары	56%	42%	3%
Сөйлеу тілі	30%	58%	12%
Қол моторикасы	42%	48%	10%
Математикалық түсініктер	40%	50%	10%
Әлеуметтік-эмоциялық даму	45%	50%	5%




IV. Қорытынды:

Жалпы алғанда, мектепалды даярлық топтарындағы 123 баланың басым бөлігі мектепке дайын. Балалардың танымдық, зейін, ойлау және әлеуметтік дағдылары жақсы қалыптасқан. Сөйлеу тілі мен қол моторикасы бағыттарында әлі де назар аударуды қажет ететін балалар бар, дегенмен олардың жалпы әлеуеті мектеп бағдарламасын игеруге жеткілікті.

5. Ата-аналармен жұмыс:

(«Сіздің отбасыңыз баланың бірінші сыныпқа баруына дайын ба» сауалнама өткізілді, Ата аналарға кеңес: "Болашақ оқушының күн тәртібі"; «Баламен әңгімелесуді қалай қызықты және қарапайым өтуге болады?»; «Балалар өз өмірлерінде көргендерін біледі»). Ата-аналарға арнайы буклеттер мен жадынамалар таратылды.

Сауалнама: «Сіздің отбасыңыз баланың бірінші сыныпқа баруына дайын ба?»



1. сұраққа Балаңыз мектепке барғысы келе ме?

жауабы: ия (80.6%), жоқ(19.4%)

2. сұраққа Балаңыз қазақ тілін біледі ме?

жауабы: ия (94.4%), жоқ (5.6%)

3. сұраққа Балаңыз әліппе бойынша барлық әріптерді біле ме?

жауабы: ия (15.3%), жоқ (84.7%)

4. сұраққа 1-ден 10-ға дейін тура және кері санай алады ма?

жауабы: ия (80.6%), жоқ (19.4%)

5. сұраққа Қолына қалам ұстай біле ме?

жауабы: ия (94.4%), жоқ (5.6%)

6. сұраққа Сіздің балаңыз бірнеше тақпақты жатқа айта алады ма?

жауабы: ия (75%), жоқ (25%)

7. сұраққа Қосу немесе азайту сияқты қарапайым есептерді шеше алады ма?

жауабы ия (47.2%), жоқ (52.8%)

8. сұраққа Желім мен қайшыны қолдануды біле ме?

жауабы: ия (90.3%), жоқ (9.7%)

9. сұраққа Ертегілерді айта біле ме?


Жауабы ия 63,9% жоқ 36,1%

10. сұраққа Балаңыз өздігінен сурет салғанды немесе пазл құрастырғанды жақсы көре ме?

жауабы : ия (86.1%), жоқ (13.9%)

Саулнамаға 73 ата - ана қатысты

Анкета «Готова ливаша семья к поступлению ребенка в первый класс?»



В анкетировании участвовало 23 родителя

Оқу жылы барысында мектепалды даярлық тобының ата-аналарымен жүйелі түрде психологиялық жұмыс жүргізілді. Жеке және топтық кеңестер, тренингтер мен семинарлар ұйымдастырылып, ата-аналардың бала дамуына деген қызығушылығы мен қатысуы артты. Баланың мектепке психологиялық дайындығы, мінез-құлық ерекшеліктері және эмоциялық тұрақтылығы туралы ата-аналарға қажетті ақпараттар берілді. Нәтижесінде ата-аналар мен балабақша арасындағы серіктестік нығайып, балалардың бейімделуі мен дамуында оң өзгерістер байқалды.

Ата-аналар сауалнамасының нәтижесі мен талдауы

Тақырыбы: «Мектеп, балабақша және мен»

Қатысқан ата-аналар саны: 11

Топ: мектепалды даярлық тобы

Өткізілген уақыты: 28.01.2026ж

1-сұрақ. Балабақшаның мектепке даярлаудағы рөлі қандай деп ойлайсыз?

Жауап

Өте маңызды 45%

Маңызды 55%

Орташа

Маңызды емес

Талдау:

Ата-аналардың көпшілігі балабақшаның мектепке даярлаудағы рөлін маңызды деп бағалады, бұл балабақша жұмысына сенімнің жоғары екенін көрсетеді.

2-сұрақ. Сіз балабақшамен қаншалықты тығыз байланыстасыз?

Жауап

Үнемі байланыстамын 13 %

Кейде-23%

Сирек-17%

Байланыс жасамаймын-47%

Талдау:

Нәтижелер ата-аналардың басым бөлігі балабақшамен тұрақты немесе орташа байланыста екенін көрсетті. Кейбір ата-аналармен жеке жұмыс жүргізу қажеттілігі бар.

3-сұрақ. Балаңызды мектепке дайындауда сіздің отбасыңыздың рөлі қандай?

Жауап

Өте белсенді 15%

Белсенді -85%

Орташа

Аз

Талдау:

Ата-аналардың көпшілігі өз рөлін белсенді деп бағалайды, бұл ата-аналық жауапкершіліктің жоғары екенін білдіреді.

4-сұрақ. Балаңыздың мектепке психологиялық дайындығы туралы не ойлайсыз?

Жауап

Толық дайын-100%

Жартылай дайын

Дайын емес

Білмеймін

Талдау:

Ата-аналар баласының психологиялық дайындығын толық дайын деп санайды.

5-сұрақ. Балабақша мамандарынан (тәрбиеші, психолог, логопед) кеңес алып тұрасыз ба?

Жауап

Үнемі -67%

Кейде -23%

Сирек -10%

Мүлде алмаймын

Талдау:

Кейбір ата-аналар мамандар кеңесін тұрақты алып отырса, бір бөлігінің бұл қызметті сирек пайдаланатыны байқалды.

6-сұрақ. Мектепке дайындық бойынша қандай мәселелер сізді көбірек алаңдатады?

Мәселе

Таңдалу саны

Оқу дағдылары (әріп, сан) -76%

Мінез-құлық, тәртіп – 24%

Қарым-қатынас, өзіне сенімділік

Денсаулық

Алаңдатпайды

Талдау:

Ата-аналарды көбіне баланың оқу дағдылары мен мінез-құлқы алаңдататыны анықталды.

7-сұрақ. Балабақша мен мектеп арасындағы сабақтастықты қалай бағалайсыз?

Жауап

Өте жақсы - 87%%

Жақсы – 13%

Орташа

Төмен

Талдау:

Ата-аналардың басым бөлігі сабақтастықты оң бағалады, бұл балабақша мен мектеп арасындағы жұмыстың жүйелі екенін көрсетеді.

8-сұрақ. Балабақша тарапынан қандай қолдау қажет деп ойлайсыз?

(ашық сұрақ)

Талдау:

Жауаптарда ата-аналар мектепке дайындық бойынша кеңестер, баланың психологиялық дайындығына қолдау және оқу дағдыларын дамытуға бағытталған ұсыныстарды атап өтті.

9-сұрақ. Ұсыныстарыңыз, пікірлеріңіз

(ашық сұрақ)

Талдау:

Ата-аналардың ұсыныстары негізінен балабақша жұмысына оң баға беру және ата-аналармен байланысты күшейтуге бағытталған.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сауалнама нәтижелері ата-аналардың мектепке даярлық үдерісіне белсенді қатысатынын және балабақшаның жетекші ролін мойындайтынын көрсетті.

Ересек топ тәрбиеленушілерін диагностикалық тексеру.

4-5 жас аралығындағы балаларды психологиялық тексеру зияткерлік даму деңгейін, еріктілікті, жеке саланың ерекшеліктерін анықтау мақсатында жүргізілді. Диагностикалық құрал ретінде әдістеме қолданылды: Н. Н. Павлова, Л. г. Руденко мектеп жасына дейінгі балаларға арналған.

Диагностикада келесі әдістер қолданылды:

- ✓ Жалпы хабардарлық туралы әңгіме,
- ✓ Баспалдақ (өзін-өзі бағалау)
- ✓ Көніл күй
- ✓ Жыл мезгілдері
- ✓ Сол суретті табыңыз
- ✓ 10 зат
- ✓ Отбасы
- ✓ Балық
- ✓ Адамның суреті
- ✓ Дәйекті суреттер
- ✓ Бөлінген суреттер -4 құрама
- ✓ Бұл неге ұқсайды?

Өткізу нысандары: жеке.

Оқу жылының басында және соңында 100 баланың 78-ы тексерілді, қалғандары болмады. Жыл басындағы зерттелетін балалардың жоғары деңгейі 23 балада (29%), ортаңғы деңгейі 52 бала (66%) барлық психикалық процестер бойынша тұрақты даму динамикасын көрсететінін көруге болады. 3 балаға (5%) танымдық саланы дамыту бойынша одан әрі арнайы ұйымдастырылған сабақтар қажет. Әр балаға одан әрі сүйемелдеудің жеке бағыты жасалды. Тәрбиешілер мен ата-аналарға (заңды өкілдерге) психикалық дамуы орташа және төмен балаларда танымдық процестерді дамыту бойынша ұсыныстар берілді. Жыл соңында қайта диагностикалау нәтижелері оң динамиканы көрсетті: жоғары деңгейі 37 бала (47%), ортаңғы деңгейі 40 бала (51%), 1 (2%) тәрбиеленуші танымдық саланың даму деңгейінің төмендігін көрсетті, балалармен жеке түзету сабақтарын жалғастыру ұсынылды.

Осылайша, түзету және дамыту сабақтары балаларда қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыруға және дамытуға көмектесті

(сенсорлық даму, ұсақ моториканы жетілдіру, кеңістіктік бағдарларды қалыптастыру, объективті-практикалық іс-әрекетке сүйене отырып ойлаудың көрнекі формаларын дамыту), қоршаған әлеммен танысу және сөйлеуді дамыту (заттар мен құбылыстар туралы идеяларды байыту, сөздік қорын кеңейту, коммуникативті белсенділікті ынталандыру).

Түзету және дамыту жұмыстары.

Мақсаты: Балалардың психологиялық даму ерекшеліктерін ескере отырып, жеке және танымдық қабілеттерін түзету және дамыту.

Негізгі бағыттар:

- Эмоционалды-ерік саласын дамыту
- Танымдық процестерді (зейін, есте сақтау, ойлау, қиял) дамыту
- Қарым-қатынас пен әлеуметтік бейімделуді қолдау
- Мектепке психологиялық дайындықты қалыптастыру

Жұмыс формалары:

Жеке түзету сабақтары

Топтық дамыту жаттығулары

Ойындық тренингтер

Сенсорлық, арт және ертегі терапия элементтері

Қолданылған әдістер мен технологиялар:

Бағыт	Қолданылған әдістер
Зейін мен есте сақтау	«Қарама-қарсы әрекет», «Сөзді есте сақта», логикалық тізбек құру
Ойлау қабілеті	«Артықты тап», «Себеп-салдар байланысы», ребус, суретпен жұмыс
Сөйлеуді дамыту	Сюжеттік суретпен әңгіме құрау, логопедиялық ойындармен бірге жұмыс
Эмоционалды даму	Эмоцияларды ажырату жаттығулары, "көңіл-күй күнделігі", қуыршақпен жұмыс
Қарым-қатынас	«Бірге ойнаймыз», рөлдік ойындар, "мен айтамын – сен аяқта" жаттығулары
Арт-терапия	Саусақпен сурет салу, ермексазбен жұмыс, бояу арқылы эмоция білдіру
Сенсорлық дамыту	Құммен, су мен дәнді материалдармен ойындар, тактильді карталар
Ертегі терапиясы	Тәрбиелік ертегілерді оқу және талдау, кейіпкерлер арқылы мінез-құлықты түзету
Психогимнастика	Дене жаттығулары, мимика мен қимыл арқылы эмоцияны білдіру

Нәтижелер:

- ✓ Балалардың зейіні мен есте сақтау қабілеті тұрақтанды
- ✓ Эмоциялық тұрақтылық, өз-өзін реттеу дағдылары артты;
- ✓ Қарым-қатынас жасау дағдылары жақсарды, ұялшақ және тұйық балалар белсенді бола бастады;
- ✓ Мектепке психологиялық тұрғыдан дайын балалар саны артты.

-балалар мен ата-аналардың қарым-қатынасы жеткілікті дәрежеде қалыпқа келтірілді, балалардағы жеке және коммуникативті салалардың даму проблемаларын еңсеру, тәрбиешілердің эмоционалды жағдайын қалыпқа келтіру болды.

Психологиялық ағарту және алдын алу.

Психологиялық ағарту мен алдын-алудың негізгі мақсаты - балалардың психикалық дамуы мен жеке тұлғаның қалыптасуындағы ықтимал ауытқулардың алдын алу, сонымен қатар тәрбиешілер мен ата-аналардың психологиялық мәдениетін арттыру. Осы мақсатта өзекті және қажетті стендтік ақпарат таңдалды, ата-аналар жиналыстарында сөз сөйленді, тренингтер өткізілді, жалпы және жеке бағыттағы ата-аналар мен педагогтарға ұсыныстар әзірленді.

2025-2026 оқу жылында психологиялық ағарту келесідей жүргізілді:

- "Алғашқы қадам" атты ата-аналар жиналысы
- «Балабақша мен отбасы» әр топта өткізетіні оқу жыл басында
- «Жыл қорытындысы» атты ата -аналар жиналысы әр топта
- Ортаңғы топ ата-аналарына кеңес: «Баланың балабақшаға бейімделуі» жаднама; «Балаларды тазалыққа тәрбиелеу» кеңес
- "Балалардың интеллектуалды дамуы", кеңес
- "Отбасының баланың дамуына әсері" кеңес
- Мектепке дайындық кеңес
- Психология апталық жоспары бойынша 15.12 - 19.12.2025ж. күндері аралығында «Жылы сөз».Мақсаты:ата-аналардың оң қарым-қатынасына ықпал ету, «Эмоциялар әлемінде»Мақсаты: Балалардың негізгі эмоцияларды (қуаныш, реніш, ашу, қорқыныш, таңдану) тануына, атауына және қауіпсіз түрде білдіруіне көмектесу, 3Арт-терапия «Менің көңіл күйім» Сурет салу / бояу, «Эмоциялық ресурс және күйзелістің алдын алу» тренинг Мақсаты: педагогтардың эмоциялық кәсіби күйзелістің алдын алу, өз ресурсын тану және қалпына келтіру дағдыларын дамыту.
- «Бірге өсеміз – бірге дамимыз!» тренинг Мақсаты: Жас мамандардың кәсіби бейімделуін қолдау, командалық қарым-қатынас пен өз-өзіне сенімділікті арттыру.
- «Білім әлеміне саяхат» атты «Балдырған», «Қарлығаш», «Балбөбек», «Айгөлек» мектепалды топ арасында интеллектуалды ойын, Интеллектуальная игра в подготовительной группе «Колобок» на тему: «Маленькие эрудиты»

Кеңес беру орталығының жұмысында өткізген іс - шаралар:

- «Келіңіз танысайық» атты кездесу (балабақшаға қатыспайтын ата - аналарымен)
- «Ата-аналар қарым-қатынас құпиялары» атты тренинг
- «Бала – біздің болашағымыз» Ашық есік күні
- «Менің отбасым» Отбасылық сурет көрмесі
- «Қош келдің Жаңа Жыл!» атты мерекелік іс- шара (балабақшаға келмейтін балаларға арналған)
- «Қазақтың салт-дәстүрлері – тәрбиенің негізі» Кеңес беру Қазақ тілі мұғалімі
- «Жылы жүрек – мейірімді отбасы» ата- аналарға семинар-практикум Ересек топ тәрбиешілері
- «Сөйлеуді дамытуға арналған дидактикалық ойындар» Шебер сынып Логопед

Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс.

Жыл бойы:

- жұмыс құжаттамасын рәсімдеп, толтырдым. Диагностикалық зерттеулердің нәтижелерін талдау және өңдеу, қорытынды жаздым.

- диагностикалық тексерудің, демонстрациялық материалдың хаттамалары мен бланкілерін түзету-дамыту сабақтарына дайындадым;


- педагогтар мен ата-аналарға арналған стендтер, жадынамалар мен буклеттер, семинарларға, ата-аналар жиналыстарына, педагогикалық кеңестерге, консультацияларға ақпарат ресімдедім.

Қорытынды: 2025 - 2026 оқу жылы ішінде балабақшада педагог-психолог тарапынан кешенді психологиялық-педагогикалық жұмыстар жүргізілді. Жеке және топтық диагностикалық, түзету-дамыту, кеңес беру және профилактикалық бағыттағы жұмыстар қамтылды. Балалардың танымдық, эмоционалдық, тұлғалық дамуы жүйелі түрде қадағаланып, қажетті қолдау көрсетілді. Ата-аналармен және тәрбиешілермен тығыз байланыс орнатылып, баланың дамуын қолдауға бағытталған бірлескен әрекеттер жүргізілді.



Бала балабақшада баланың жеке басының жан-жақты дамуын, оның мектепке дейінгі мекемеде болуының жайлылығын қамтамасыз ету үшін қолайлы жағдайлар жасалған: пандус және шақыру қоңырау бар; балабақшаның атауы, эвакуациялау схемалары, кабинеттердің атаулары қосымша Брайль қарпі бар тақтайшалар түрінде ұсынылған; мекеменің

ішінде ыңғайлы қозғалу үшін телескопиялық пандус бар, дәретхана бөлмесі жабдықталған, кіреберістегі шыны есіктерде түстердің ара-жігін ажырату бар.



2025-2026 оқу жылы жалпы баланың сөйлеу деңгейін анықтау, ОНР, ЗРР, ЗПР бар балаларды іріктеу және ПМПКға жіберу бойынша бастапқы диагностика қыркүйек айында өтті. логопедтік пункте, төрт логопед бар әр қайсына бала саны жүктелген - барлығы ПМПК-дан өткен. ПМПК қорытындысы бойынша 87 бала логопедтік және дефектолог мұғалім мен педагог- психолог мамандарына қорытынды бойынша көмекке мұқтаж деп танылды. Оның ішінде: ОНР1-2-3 ,ЗРР- барлығы 48 бала, ЗПР, ОНР1-2 барлығы -39 бала .Оның ішінде жыл соңына қарай айтарлықтай жақсару динамикасы бар бала (шығарылды) 23 бала, бұл 35% құрайды, 10 бала шамалы жақсарған, бұл 15% құрайды., және қалған 54 бала – 40% логопедтің, дефектолог мұғалім және педагог- психолог сабағын келесі оқу жылында жалғастырады.

Сөйлеу тілі бұзылыстарын тексеру нәтижелері бойынша 3-4-тен немесе 5-6-тен, бір неше кіші топ құрылды, және , балаға жеке сабақ жүргізілді, олар дыбысты айтудың анықталған бұзылыстарына сәйкес және балалардың психологиялық – педагогикалық ерекшеліктерін ескере отырып құрылған. Сабақтар аптасына 2 рет өткізіледі . Барлық түзету жұмыстары (түзету - дамыту сабақтары , дыбыстарды қою және автоматтандыру , фонематикалық естуді дамыту , сөйлеудің лексикалық - грамматикалық құрылысын қалыптастыру және т.б. бойынша балалармен жеке жұмыс) логопедтің жұмыс бағдарламасына және 2025-2026 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспарына сәйкес жүргізіледі.

Қойылған мақсат пен міндеттер орындалды. Логопедиялық көмекке мұқтаж балалар тобы анықталды. Түзету-дамыту жұмыстары тәрбиенушілерге қажетті бағыттар бойынша жүргізілді. Бұл үшін бастапқы зерттеу деректері бойынша балалар кіші топтарға бөлінді, олар үшін жеке бағдарламалар әзірленді, ПМПК ұсынымдарына сәйкес жеке сабақтар мен топтық сабақтар өткізіледі Түзету және дамыту сабақтары мүмкіндігінше балалардың ерекшеліктеріне сәйкес

<https://disk.yandex.kz/d/TmntAfVnfSDUWQ>

https://disk.yandex.kz/i/zYma2ayuL_MuTA

<https://disk.yandex.kz/d/KNVzZ6fB-piFbA>

<https://disk.yandex.kz/d/hoVAwcjoI6ea3A>

«Жұлдыз» балабақшасы МКҚК-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілерді психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) қорытындысы мен ұсынымдарына сәйкес қолдау жұмыстары ұйымдастырылған.

2025 жылдың ақпан айынан бастап тәрбиеленушілердің оқу-тәрбие үрдісіне бейімделуін қалыптастыру мақсатында педагог-ассистенттердің қолдауы жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда:

- Педагог-ассистент Заит Аяжан «Балдырған» мектепалды тобының тәрбиеленушісі Ділдабай Есмаханмен жұмыс жүргізеді.
- Педагог-ассистент Каркабатова Жайдар 2025 жылдың қыркүйек айынан бастап «Бәйтерек» ересек тобының тәрбиеленушісі Момынжанов Мансур Мақсатұлы, ал 2026 жылдың ақпан айынан бастап «Колобок» тобының тәрбиеленушісі Василевич Урсула Даниярұлы педагогикалық қолдаумен қамтамасыз етіп келеді.
- Педагог-ассистент Алдажарова С.К. «Құлыншақ» тобының тәрбиеленушісі Зейкен Әлібекпен түзету-дамыту жұмыстарын жүргізеді.

Педагог-ассистенттердің қызметі тәрбиеленушілердің білім беру ортасына бейімделуіне, әлеуметтік дағдыларын дамытуға, оқу қызметіне қатысуын қолдауға және жеке білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған.

<https://disk.yandex.kz/d/AiM113o04KdMPw>

V. Оқу- материалдық активтер.

Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнаулы білім беру ұйымдарын құралдармен және жиһаздармен жабдықтау нормалары бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 26 ақпанда № 13272 болып тіркелді. ҚР Білім және ғылым министрінің 07.06.2022 № 265 бұйрығымен.

1. Талдау нәтижелері

«Жұлдыз» балабақшасында мына бөлмелер бар:

- меңгеруші кабинеті;
- әдістемелік кабинет;
- 14 топ бөлмелері,
 - педагог-психолог кабинеті,
 - логопед кабинеті (логопункт),
 - дене тәрбие залы,
 - бассейн,
 - музыка залы,
 - қысқы бақ,
 - өнер студиясы,
 - 1 робототехника кабинеті,
 - қазақ тілі кабинеті,
 - хореография кабинеті,
 - этнопедагогика кабинеті,
 - медициналық кабинет;
 - ас үй бөлмесі,
 - кір жуатын орын.

Балабақшадағы пәндік-кеңістіктік орта балалардың даму мүдделеріне, олардың эмоционалды әл-ауқатына жауап береді, МЖМБС талаптарына сәйкес

құрылған. Балаларға арналған барлық заттар өздеріне қол жетімді, олардың белсенді әрекет ететін аймағында орналасқан. Әр топтың ойын ойнайтын, ұйықтайтын, шешінетін және дәретхана бөлмелері бар. Бөлмелердің көлемі санитарлық-гигиеналық нормалар мен ережелерге сәйкес келеді. Топтық бөлмелерде балалардың түрлі белсенді іс-әрекет ету үшін жағдайлар жасалған: ойын, танымдық, еңбек, шығармашылық, зерттеу. Барлық топтарда бөлмелерді белсенділік орталықтарына бөлуге арналған жиһазбен сәйкес дидактикалық, оқу-әдістемелік материалдармен жабдықталған. Материалдардың, ойын заттарының қол жетімділігі балалардың еркіндігін, өзінділігін дамытуға көмектеседі, ойын жағдайын, қоршаған ортаны шығармашылық модельдеуге деген ұмтылысты жүзеге асырады. Жиһаз балалардың өсуіне сәйкес таңдалған және таңбаланған.

Табиғи және жасанды жарықтандыру нормаға сәйкес келеді. Толық тазалау кестесінің орындалуы, ыдыс жууға, кір жууға және арнайы киім жууға арналған жуғыш заттардың болуы нақты бақыланады. Балаларды сауықтыру бойынша жұмыстар жоспар бойынша жүргізіледі. Сауықтыру іс-шараларының жоспары балалар контингентіне байланысты әрбір оқу жылына жасалады. Балабақшаның безендірілуі мен интерьері балалардың эмоционалды әл-ауқатына ықпал ететін үй жағдайына жақын. Балабақша ұжымы ата-аналармен бірге балалар балабақшада өздерін жайлы, ыңғайлы сезіну үшін ынталары мен шығармашылық күш жұмсайды. Әр жас тобында қызмет бұрыштары құрылған, олар: * «ұлттық бұрыш», * «кітапхана бұрышы» * «спорт бұрышы»; * «сюжеттік-рөлдік ойын бұрышы»; * «көркем әдебиет бұрышы»; * «зерттеу әрекетінің бұрышы»; * «табиғат бұрышы»; * «дамыту ойындар бұрышы». Топ бөлмелерінде балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін: * ойындар, ойыншықтар, оқу-көрнекі құралдар, сюжеттік-рөлдік ойындар, дидактикалық материалдар; * спорттық құралдар, жұмсақ модульдер; * зерттеу әрекетіне арналған құралдар бар.

<https://disk.yandex.kz/d/X7nSi4zsPCSQ8Q>

- Әдістемелік кабинет барлық қажетті техникамен жабдықталған: 4 ноутбук, 3 компьютер, 3 моноблок, 2 түрлі-түсті принтер, 2 принтер (1 ішінде 3), 4 қара-ақ принтер, 1 ламинатор, 1 проектор, 1 интерактивті тақта. Мектепке дейінгі білім берудің іске асырылатын негізгі білім беру бағдарламасына арналған оқу-әдістемелік жинағы бар, қажетті оқыту құралдарының тізбесі ұсынылған: үлгілік негізгі білім беру бағдарламалары, оқу-әдістемелік және оқу-көрнекі құралдар (иллюстрациялық альбомдар, демонстрациялық және үлестірме материалдар).

- Педагог-психолог кабинеті

Кабинетте келесі аймақтар ұйымдастырылған:

- * Диагностика және жеке оқу қызметіне арналған аймақ;
- * Топтық оқу әрекетіне арналған аймақ;
- * Ойын психотерапиясы аймағы;
- * Релаксация аймағы.

Балалардың физикалық белсенділігін қамтамасыз ету үшін балабақша ғимаратында бейімделген дене шынықтыру залы бар. Дене тәрбие бойынша Ұіә тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға және салауатты өмір салты туралы идеяларды қалыптастыруға бағытталған. Балалардың физикалық дамуы үшін материалдық-техникалық, ұйымдастырушылық, әдістемелік жағдайлар қажетті деңгейде жасалған және сақталады. МДҰ-да дене шынықтыру-сауықтыру жұмысын ұйымдастыру негізгі жалпы білім беру бағдарламасының талаптарына жауап береді. Санитарлық ережелер талаптарына сәйкес оқу жоспарында апта сайын дене шынықтыру залында және серуенде дене шынықтыруды дамыту бойынша тікелей-білім беру қызметі көзделеді. Дене шынықтыру залы келесі құралдармен жабдықталған:

- Гимнастикалық сатылар;
 - Орындықтар;
 - төсеніштер;
 - резенке доптар;
 - дөңгелектер;
 - секіргіштер;
 - спорт бұрышы (швед қабырғасы, сақиналар, арқан, жіптен жасалған саты);
 - доғалар;
 - түрлі жұмсақ модульдер;
 - степ аэробикаға арналған платформалар;
 - массажды кілемшелер мен жолдар.
- Музыка залы – бұл балабақшаның ең шығармашылық орны. Музыка залының белсенді аймағы: бұл жиһаз, сөрелер мен декорацияларсыз үлкен және бос кеңістік. Мұнда, бүкіл музыка залы көрінетін жерде фортепиано мен музыкалық жетекшінің орны орналасқан. Музыка залының тыныш аймағы: ән айтуға және музыканы қабылдауға арналған. Біздің музыкалық залда келесі жабдықтар бар:
- фортепиано;
 - ересектер мен балаларға арналған орындықтар;
 - музыка аспаптары (маракас, барабан, сылдырмақ, металлофон, ағаш қасықтар, трещетка, домбра, ысқырғыштар, сазсырнай) мен құралдарға арналған стеллаж;
 - мультимедиялық құрал жабдықтар (проектор, музыкалық пульт, үлкен динамиктер, микрофондар жинағы, ноутбук, жылжымалы динамик);

- көрнекі-дидактикалық, әдістемелік құралдар, ірі декорациялар, балалар мен ересектерге арналған киімдер (ұлттық, ертегі кейіпкерлерінің). Жиһаз жас ерекшеліктеріне толығымен сәйкес келеді.

- Логопед кабинеті әртүрлі функционалды аймақтарға бөлінген, логопедиялық жабдықтармен, түрлі әдістемелік құралдармен, санитарлық ережелер талаптарына сәйкес келетін арнайы әдебиеттер және жиһазбен жабдықталған.

Логопед кабинетін жабдықтау және жарақтандыру:

үстел мен үлкен қабырға айнасы;

балалармен жұмыс істеуге арналған жеке үстел айналары;

жиһаз (балалар үстелдері мен орындықтар, логопедке арналған үстел мен орындық);

логопедиялық зондтар мен қалақшалар, стерилизатор, медициналық спирт, стерильді мақта, сулықтар, таза сүлгі;

көрнекі-әдістемелік құралдарды, дамытушы ойындар мен әдебиеттерді сақтауға арналған стеллаждар мен шкафтар;

қабырға сағаты, секундомер, метроном;

магниттік тақта;

бактерицидті сәулелендіргіш;

қол жуатын раковина.

Балабақшадағы логопед кабинеті тиімді логопедиялық жұмысты қамтамасыз ететін дидактикалық және оқу материалдарымен жабдықталған.

-Өнер студиясы. «Жұлдыз» балабақшасында өнер студиясына жабдықталған екі орын бөлінген. Жұмыс парталары бар кабинет мольберттер орналасқан кең дәлізге шығады. Сондай-ақ, материалды эстетикалық қабылдау, шабыт пен өнімді шығармашылық үшін, өнер студиясы қысқы бақта орналасқан. Балалардың көркем шығармашылығы үшін бірінші қабаттың дәлізінде екі жақ қабырғаларында бормен сурет салу үшін әртүрлі пішінді грифель тақталары бекітілген.

- Робототехника кабинеті. Балабақша қызметінің бір бағыты-робототехника. Қажетті жиһазбен (конструкторлар мен роботтарды орналастыруға арналған арнайы үстелдер, стеллаждар) жарақтырылған екі кабинет бар. Балалармен жұмысты робототехниканы оқыту бойынша сертификаты бар тәрбиеші жүргізеді. Балабақшаға Робот – тышқан, Робот BOTLY; Lego education алынған.

-Балалардың халық туралы тұтас суретті ұғынуы этномәдени материал негізіндегі оқу қызметтері ықпал етеді. Кабинеттің жабдықталуы талаптарға сәйкес келеді: оқу қызметтеріне арналған жеке парталар, магниттік тақта, педагогтің жұмыс орны, стеллаж, ақпараты бар стенд, мемлекеттік рәміздер. Қазақ тілін, қазақ халқының өмірін, мәдениетін және тұрмысын тереңдете оқыту үшін балабақшада этнопедагогика кабинеті бар, онда киіз үйдің

кішірейтілген вариациясы, сондай-ақ ұлттық әшекейлер, музыкалық аспаптар, ыдыс, киім ұсынылған

- Балаларды қауіпсіз мінез-құлыққа үйретуге көп көңіл бөлінеді. Ол үшін дәлізде «Қауіпсіздік іс-әрекеттері» атты құрылды. Балабақшадағы қауіпсіздік бойынша жұмыс үш бағытта жүргізіледі: - балаларды жол қозғалысы ережелерімен таныстыру; - балаларды өрт қауіпсіздігі ережелерімен таныстыру; - жеке қауіпсіздік. Дәлізде жол қозғалысы ережелері бойынша едендік ойын жинағымен жабдықталған, бұл сюжеттік-рөлдік ойынды ұйымдастыру, проблемалық жағдайларды жеңу, жол қозғалысы ережелері бойынша білімді бекіту және жолда қауіпсіз жүріс-тұрыс дағдыларын пысықтау үшін қажетті жағдайлар жасауға мүмкіндік береді; жол белгілерінің макеттері, ақпараты бар стенд ұсынылған.

- Хореография кабинеті би және хореография іс-әрекеттеріне арналған, айналармен жабдықталған, сабақ өткізуге ыңғайлы болу үшін 2 кілем 3*4, Samsung теледидары бар.

-Кітапхана кабинеті балаларға арналған ертегі кітаптармен жасақталған.

- Зертхана кабинеті тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жас және жеке ерекшеліктерін ескере отырып, танымдық, шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуға, қарапайым зерттеулер жүргізуге қызығушылығын қалыптастыру, тірі және өлі табиғат туралы білімдерін кеңейтуге арналған заттармен жабдықталған.

-Дәліздерде «Құрлысшы», «Емхана» , «Шаштараз», «Жұлдыз дәмханасы» , «Көліктер станциясы» , «Супермаркет. Жайлаудағы дүкен» сюжетті-рөлді ойындарын өткізуге арналған жиһаздармен жабдықталған. Ойынның мақсаты әлеуметтік жағдаяттарды көрсетуді қалыптастыру. Балалар бірлескен ойынның дағдыларын тәрбиелеп, рөлдерді тарату және бір-бірімен келісім жасауға тәрбиелеу. Балалардың сөйлеу дағдысын, сөздік қорын күшейту. Балалар көліктерді жуу, жөндеу, жанар май бекетіне бару, құрылыс материалын тандап ,құрылысшыларда жеткілікті материалын болуын қамтамасыз етіп құрылысты басқарады. Жүк тасушылар жүкті жеткізіп ,жұмысшылар құрастырады оларға машиналар көмектеседі. Медциналық жұмыскерлердің жұмысына деген құрмет көрсетуге , қоршаған ортада өз-өзін ұстай білу ережелерін қалыптастыру . Балалар емделуші дәрігер қабылдауына жазылады, шағымдармен қабылдауға келеді, ем қолдануын өтінеді, ниетін білдіреді. Дәрігер қабылдап тындайды, қан қысымын тексереді , дәрілер тізбегін жазып береді . Шашты дұрыс күту кеңестерін беріп, жана шаш үлгілерін үйрету. Азық-түлікті алып Пиццаны жасау сұрақтарын шешеді. Менеджер жарнаманы жасап, кірі берісті безендіріп, телефон бойынша тапсырыс қабылдап , жүргізушіге тапсырма береді. Аспаз пицца, салаттар т.б. дайындайды . Кондитерлер тәттілер

жасап, торты безендіреді. Даяршылар тапсырысты әкеліп, үстелді жиыстырады. Келушілер ас мәзірінен тағамды тандап тапсырыс беріп, алғысын білдіріп, тапсырсақ төлейтіндерін үйренуге жабдықталған.

- Медициналық кабинет-тиісті медициналық жабдықтармен жабдықталған, 2 орынға арналған изолятор, емшара кабинеті бар. Медициналық персоналды 1 медбике және 1 емдәмбикесі құрайды. Медициналық қызметпен айналысуға 2014 ж. 11 ақпанда берілген №14001482 лицензиясы бар (алғашқы медициналық-санитарлық көмек; дәрігерге дейінгі көмек).

- Сапалы тамақтануды қамтамасыз ету үшін ас блогы санитарлық талаптарына жауап беретін қажетті ас үй жабдықтарымен жабдықталған (ас дайындау, пісіру және тарату бөлмелері, тоңазытқыш камерасы – 1 дана, тоңазытқыш қондырғы -1 дана, тығыз есігі бар тоңазытқыш шкаф – 1, параконвектомат -1, электр плиталары – 2 дана, электр ет тартқыш-1 дана, картоп тазалағыш - 1 дана, электр қайнатқыш, слайсер, нан кескіш, электр қазандары – 3 дана, электр табасы - 1 дана). Ас үйде суды тазартуға арналған сүзгі бар. Азық – түлік сақтау үшін 2 бөлме бар: біреуі көкөністерді сақтауға, екіншісі гастрономиялық өнімдерді сақтауға арналған. Топтарда шамамен 15 күндік ас мәзіріне сәйкес төрт мезгіл тамақтану ұйымдастырылған. 15 күндік мәзірді құру негізі күніне бір балаға орташа тәуліктік тамақтану нормаларына негізделген.

Азық-түлік өнімдерін сатып алу жеткізушілермен жасалған шарттар бойынша жүргізіледі. Барлық өнімдерде сәйкестік сертификаты бар. Өнімдердің сапасын емдәмбикесі, қоймашы және аспаз тексереді. Бракераж комиссиясы күнделікті тамақ сапасына бақылауды жүзеге асырады. Бақылау нәтижелері бракераж журналында тіркеледі. Балалар тамақ ішуге арналған тиісті ыдыспен қамтамасыз етілген. Ата-аналар (заңды өкілдер) үшін күн сайын балабақшаның дәлізі мен топтық бөлмесінде ас мәзірі ілінеді.

Кір жуу бөлмесі автоматты басқарылатын 3 кір жуу машинасымен жабдықталған (біреуі 15 кг., біреуі 9 кг., біреуі 5 кг.), үтіктеу каландры, 1 үтік және үтіктеу үстелі бар. Сақтау орны қарастырылған. Лас киім-кешекті қабылдау, таза киім-кешекті сақтау және беру бөлек жүргізіледі.

- Ғимаратта және балабақшаға іргелес аумақта балалардың өмірі мен іс-әрекетінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, терроризмге қарсы қорғаныс: - автоматты өрт дабылы, сондай-ақ Ақмол а. АІБ-мен байланысты күзет фирмасы және дабыл түймесі пайдаланылады. Қақпаларда «Домофон» өткізу құрылғылары орнатылған. 2015 жылы балабақшаның периметрі бойынша 14 және ішкі бөлмелерде 48 бейнекамерасы бар бейне жүйесі орнатылған.

Қызмет көрсететін ұйымдармен тиісті шарттар жасалды: 1) бейнебақылау – «AIZERE» ЖК 2026 ж. 11 ақпандағы №260016/00 шарт; сәйкестік туралы Декларация 2022 ж. 01 желтоқсан «Хиквижн» ООО берілді; сәйкестік

сертификаты 2020 ж. 09 наурыз «САМАРА Тест» ООО берілді. 2) дабыл түймесі – «Gard-M» ЖШС күзет фирмасымен 2025 ж. 27 ақпан №35 шарт; мемлекеттік лицензия №21026667 2021 ж. 17 қыркүйек (әрекет ету мерзімі шектеусіз), Астана қаласының Ішкі істер департаменті ММ берілді; 3) домофондар «AIZERE» ЖК 2026 ж. 11 ақпанда №260016/00 шарт.

«Өрт қауіпсіздігі бұрышы», «Абайлаңыз терроризм! стендтері безендірілген. Дәліздерде эвакуациялау жоспарлары орналасқан. Серуендеу алаңдары қанағаттанарлық санитарлық жағдайда және күтіліп-ұсталады. Барлық бөлмелердің кілттерінің қосалқы жиынтықтарының сақталуы ұйымдастырылған.

- Бағаланатын кезеңде балабақшаның заттық-кеңістіктік ортасын жақсарту үшін мыналар сатып алынды:

Ұлттық стилистикадағы ойыншықтар (қуыршақ театрына арналған 4 қуыршақ, «Киіз үй» конструкторы, ағаш домбыра-конструкторлар - 6 дана, «Ою-өрнек» пазлдары - 15 дана); дәліздерге арналған кілем жолдар; үш кіреберіске аяқ киімге арналған стеллаждар; шаңсорғыштар; металдан жасалған балалар орындықтары - 50 дана, балалар орындықтары-20 дана; түрлі-түсті Epson принтері; бассейнге резеңке кілемшелер;

Спорт залына арналған спорттық құралдар (жұмсақ модульдер); музыкалық жабдық (музыкалық пульт, динамиктер және микрофондар жиынтығы); кілемдер – әрбір топқа 18 дана және қажеті болған кабинеттерге; музыка залына арналған орындықтар; ноутбук-1; кір жуғыш машина-1; шаңсорғыштар -2; "Ұлы даланың 7 қыры"стенді.

Мектепалды жас топтарына арналған парталар-50 дана; топтарға сюжеттік – рөлдік ойындарға арналған жиһаз-38 дана (аурухана, шаштараз, дүкен); әдістемелік кабинетке мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету үшін ноутбук – 1 дана; моноблок– 2 дана; жылжымалы кварцты шамдар – 13 дана; көкөніс кескіш – 1 дана; шаңсорғыштар - 14 дана әр топқа; ойыншықтар әр топқа (арбалар-14 , қуыршақтарға арналған кереуеттер -28, шаштараздар жиынтығы-14, қуыршақтар-42, музыкалық ойыншықтар жиынтығы-14, ыдыс-аяқ-42, жемістер жиынтығы-14, кішкентай қуыршақтар-42, экскаватор-42, аурухана жиынтығы-14, көкөніс жиынтығы-14, құрал сайман жиынтығы-14, құмсалғышта ойнайтын шелектер-70, түрлі тақырыптағы лото-51, зерттеуші ойыны -4, құмсалғышқа арналған жиынтық-14, геометриялық пішіндер-24, тракторлар - 35, тікұшақтар-14, қайықтар-14, самосвалдар-70);

Грифель тақта (бормен сурет салу үшін) – 25 дана; «Қауіпсіздік бұрышы» дәлізінде арналған атрибуттар (стенд, жол қозғалысы ережелері бойынша жиынтығы бар еден жапқыш); матрастар – 340 дана; мольберттер – 14 дана; энопеддагогика кабинетіне атрибуттар (ұлттық аспаптар, ыдыс-аяқ, киіз үй

жабдықтары, әшекейлер); әдістемелік кабинетке-моноблоктар-2, түрлі-түсті принтер-1, 1 ішінде 3 -2 принтер, кара-ақ принтер-1, ноутбук-1;

Әдістемелік құралдар- (3 + аппликация, үлестіру материал; 4 + аппликация, үлестіру материал; 5 + аппликация, үлестіру материалы; 3 + сөйлеуді дамыту, үлестіру материал; 3 + жаратылыстану, үлестіру материалы; 3+ мүсіндеу, үлестіру материалы; 4 + мүсіндеу, үлестіру материалы; 3 + жаратылыстану, үлестіру материалы; пішіндер әлемі, санауды және жазуды үйренеміз, Әліппе, сауат ашу(қоңырау) 5+, 5+ мүсіндеу, №1,2 жұмыс дәптері, 5+ №1,2 сурет салу жұмыс дәптері, 4+ мүсіндеу, үлестірме материалы, 4+ №1,2 сурет жұмыс дәптері, сандар (балабақша үшін жазбалары бар дәптер), қолды жазуға дайындаймыз, (балабақша үшін жазбалар), алфавит жазуды үйренеміз 5-6 жас (балаларға арналған жазбалар, әріптен сөзге дейін (балабақша үшін), тордағы алғашқы жазбалар (балабақша үшін), ең кішкентайларға арналған тіркемелер, балабақша үшін, тірек жазбалары әліппе:

«Жұлдыз» балабақшасында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ету үшін жас ерекшеліктеріне сәйкес келетін жиһаз жиынтығы (үстелдер, орындықтар, кереуеттер, төсек-орындар, шкафтар, қол жуатын раковиналар, және т.б.) жеткілікті мөлшерде қамтылған.

<https://disk.yandex.kz/d/AiM113o04KdMPw>

Қорытынды

Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылған. Жабдықтар мен жиһазға жүкқұжаттардың көшірмелері және бухгалтерлік есептілік деректерінен негізгі құралдар тізбесінен мектепалды даярлық сыныптың және шағын орталықтың пәндік-кеңестік ортасы толықтырылып отырады.

<https://disk.yandex.kz/d/AiM113o04KdMPw>

VI. Кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар.

Мектепке дейінгі оқытудың кітапхана қоры және ақпараттық ресурстар.

«Жұлдыз» балабақшасы мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес кітапхана қорымен және ақпараттық ресурстармен қамтылған. Балабақшада тәрбиеленушілеріне арналған кітапхана бөлмесі жинақталып оқу әдістемелік кешендері бар.

Қосымша

Оқу-әдістемелік кешендердің болуы туралы ақпарат

<https://disk.yandex.kz/d/X7nSi4zsPCSQ8Q>

VII. Тәрбиеленушілердің білімдерін бағалау.

Талдау нәтижелері

2025-2026 оқу жылында баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелерінің және тәрбиеленушілердің жеке даму карталары ұсынылды. Ортаңғы, ересек және мектепалды жас топтарының талдау нәтижелері балалардың жеке даму карталары әрбір құзыреттіліктер бойынша толтырылған.

Баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын оқыту нәтижелері 2025-2026 оқу жылына қарастырылған әр топтарға баланың даму мониторингі баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы бақылау нәтижелері бойынша кестелер толығымен толтырылған. Балалардың іскерліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша бастапқы мониторинг нәтижелері жүйелі түрде жүргізілетіні анықталды.

Балалардың даму мониторингі, баланың біліктері мен дағдылары дамуының бастапқы, қорытынды бақылау нәтижелері бойынша кестелер, даму карталары ұсынылды.

Бағаланатын кезеңдегі баланың жеке даму картасы

2025-2026 оқу жылы

<https://disk.yandex.kz/d/NuVPNX9MJfEvpA>

https://disk.yandex.kz/d/14wDnj_RFtyazQ

Бағаланатын кезеңдегі тәрбиеленушілердің даму мониторингінің (бастапқы) нәтижелері

2025-2026 оқу жылы

<https://disk.yandex.kz/d/uurnTJKM8EGKTg>

Бағаланатын кезеңдегі балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктері мониторингінің нәтижелері (қорытынды)

2025-2026 оқу жылы

<https://disk.yandex.kz/d/vynSFpgb0HuPrQ>

VIII. Білім беру процесіне қатысушылардың және т.б. сауалнамасы

Білім беру ұйымдарын
мемлекеттік аттестаттауды
ұйымдастыру және өткізу
жөніндегі нұсқаулыққа 6-қосымша

«Жұлдыз» балабақшасының білім беру қызметтеріне қанағаттану деңгейін анықтау мақсатында пайдаланылған сауалнама сұрақтары бойынша нәтижесі

«Жұлдыз» балабақшасының қызметкерлері үшін өткізілген сауалнама нәтижесі

(толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)

Жалпы қатысқандар саны: 43

Толық келісемін –52, 8%, келісемін –41,2%, келіспеймін –0% . толық келіспеймін –6%

Мектепке дейінгі ұйымдардың ата-аналары үшін (толық келісемін, келісемін, келіспеймін, толық келіспеймін)

Жалпы қатысқан ата-ана саны: 120

Толық келісемін – 68,6%, келісемін – 27,2%, келіспеймін –1% , толық келіспеймін –3,2% .

Сауалнама нәтижелері келесі сілтемеде берілген:

Сауалнама нәтижелері келесі сілтемеде берілген:

**«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша
білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы»
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны**

(білім беру ұйымының аталуы)

p/c №	Бағалау өлшемшарттары	Білім беру ұйымына тиісті өлшеуішті бағалау мазмұны	Балдары
1	Тиісті бейіні бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық білімі немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжаты бар педагогтердің үлесі	Үлгілі	5
2	Біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оның ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі	үлгілі	5
3	Үш жылда бір реттен сиретпей (оның ішінде басшы, басшы орынбасарларының) біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі	жақсы	5
4	Білім беру ұйымының Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 70 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13272 тіркелген) сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жаратқандырылуы	Үлгілі	5
5	Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік	Үлгілі	5

	тіркеу тізілімінде № 23513 тіркелген) сәйкес жағдай жасау		
6	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету	жақсы	4
7	Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	үлгілі	5
8	Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	үлгілі	5
9	Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	үлгілі	5
			Балдардың жалпы саны 44

«Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімінің жанындағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау комиссиясының төрағасы: А.Камзенова

Өзін-өзі аттестаттау жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары: П.Б.Нысанова

Комиссия мүшелері:

- А. М. Айкелова комиссия мүшесі;
- А.А Смагулова комиссия мүшесі;
- Э.Т.Утебаева комиссия мүшесі;
- А.А Смагулова комиссия мүшесі;
- К.А. Калиева комиссия мүшесі;

Хатшы: Тулеулина У.С

Бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 20708 тіркелген) сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарға арналған оқу-әдістемелік кешендермен қамтамасыз ету		
7 Жас топтары толықтырылуының сәйкестігі (топтар бөлінісінде)	үлгілі	5
8 Ата-аналардың сауалнама нәтижелерін талдау	үлгілі	5
9 Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау	үлгілі	5
		Балдардың жалпы саны 44

«Ақмола облысы Білім басқармасының Целинград ауданы бойынша Білім бөлімінің жаңылдағы Ақмол ауылының «Жұлдыз» балабақшасы МКҚК өзін-өзі аттестаттау комиссиясының төрағасы А.Қайыпова

Өзін-өзі аттестаттау рәйісіндегі комиссия төрағасының орынбасары: *Т.В.Нысанова*

Комиссия мүшелері:

- А. М. Айкелова комиссия мүшесі; *А.М. Айкелова*
- А. А. Смагулова комиссия мүшесі; *А.А. Смагулова*
- Э.Т. Утебаева комиссия мүшесі; *Э.Т. Утебаева*
- А. А. Смагулова комиссия мүшесі; *А.А. Смагулова*
- К. А. Калиева комиссия мүшесі; *К.А. Калиева*

Хатшы: *Т.У. Тулеулина* Тулеулина У.С